

QOSh VOL, 2019!

ЖАСЫЛ ШЫРША ЖАНЫНДА

Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының әртістері жылдағы дәстүр бойынша қала әкімінің шыршасын көшіні жоғары деңгейде ұйымдастырды. «Тұран» мейрамханасына қала мектептерінен жиналған оқушылар құдды бір ертегілер әлеміне енгендей болды.



Әкім шыршасына қалалық білім бөлімінің шақыруымен келген 100 оқушы мен кәсіпкерлердің демеушілігімен қатысқан 20 ұл-қыз 1-7 сыныптарда оқиды. Сондықтан болар, олар әлі жаңа жылдық сиқырға сеніп, Аяз ата мен Ақшақарды көріп мейрамын. Көңілді әннің ырғағына сүйікті ертегі кейіпкерлерімен бірге асыр салып билеген балғындар шыршаны айнала өн шырқады. Әздерін «Фиксики» мультфильміндегі «Но-лик» пен «Симка» құттықтай келгенін білгенде, тіпті шуласа кетті. Олардың қуанышын қапшығы тәтті мен ойыншыққа толы Аяз ата еселей түсті. Сиқырлы таяғының көмегімен жасыл шыршаны жарқ-жүркі еткізген соң, балаларды ойынға тартып, бір сергітіп алды.

— Құрметті балғындар! Сендер біздің болашағымызсыңдар. Сондықтан, біздер, яғни үлкендер сендердің бейбам балалық шақтарың үшін аянып қалмаудамыз. Болашақтаң жарқын болсын деген ниеттен біздің елде балалардың денсаулығын нығайтуға, білім алуы мен дамуына барынша жағдай жасалды. Бүгінде

жезқазғандық балдырғандар спортпен шұғылданып, шығармашылығын шыңдау мүмкіндігіне ие. Алдағы уақытта мысты өлкеде ашылғалы тұрған Назарбаев зияткерлік мектебінің жас ұрпақтың білімі мен талантын ұштауға қосар үлесі зор, — деп қала басшысының құттықтауын жеткізген Зина Ақылбекова шырша тойының

жоғары сынып оқушылары үшін де ұйымдастырылды. Оқуда үздік, қоғамдық өмірде белсенді бой түзген жігіттер мен қыздар жұптасып, әкім балының ханзадасы мен ханшаймын таңдады.

Бота ШАЛҚАР
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚТАР, ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді алдағы келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Жаңа жыл көңілімізді шаттыққа бөлеп, жүрегімізге ерекше жылулық сыйлайтын мерекелердің бірі. Біздің әрқайсымыз үшін Жаңа жыл — үміт пен армандар уақыты, жаңа белестерді ашып, жаңадан күш-қуат жинау кезеңі.

Санаулы күндерден кейін тарих қойнауына енгелі тұрған 2019 жыл біздің ел үшін маңызды өзгерістер жылы болды. Күні кеше ғана Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында жариялаған саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардағы бастамалары еліміздің дамудың жаңа сапалы кезеңіне нық қадам басқандығын айқындады. 2019 жыл 65 жылдық мерейтойын атап өткен жезқазғандықтардың да қоржынына көптеген жарқын беттерді сыйлап, баға жетпес тәжірибе қосты. Мұның бәрі бізге болашақта, сөзсіз игі қызмет атқаратынына сенімдіміз.

Қымбатты жерлестер!

Келе жатқан жыл жаңа жоспарларға шабыттандырып, шығармашылық идеяларға толы, жақсы жаңалықтар әкесін. Армандар орындалсын, әрбір үйде молшылық, береке-бірлік болып, Отанымыз — Тәуелсіз Қазақстан гүлденіп, өркендей берсін. Жаңа жыл мерекесі құтты болсын!

Ізгі тілекпен,

Жезқазған қаласының әкімі **Қ. БЕГІМОВ**
Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы **С. МЕДЕБАЕВ**

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2020 жылдың 5 ақпанында Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындармен есеп беру кездесуі өтеді.

№ п/п	Қаланың, селоның атауы	Әкімнің аты, жөні, тегі	Өткізілетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орны
1.	Жезқазған қаласы	Қайрат Баяндыұлы Бегімов — қала әкімі	5.02.2020 ж. сағ. 15:00	С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры Сәтбаев көшесі, 1.

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулерін мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекен-жайларда 2019 жылдың 5 қаңтарынан бастап жәшіктер қойылады:

- Бейбітшілік даңғылы, 45, «Самади» дүкені.
- Сәтбаев көшесі, 50, «Юникс» дүкені.
- 9 орам, Абай көшесі, 93, «Самади» дүкені.
- 491 шағын ауданы, Марғұлан көшесі, 29а, «Самади» дүкені.
- Кеңгір ауылы, Әуезов көшесі, 27, супермаркет «ULY DALA».

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында (2020 жылдың 5 қаңтарынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 73-66-08.

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ

ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2020 жылдың қаңтарының 27 мен 31 аралығында Кеңгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындармен есеп беру кездесулері өтеді.

№ п/п	Қаланың, селоның атауы	Әкімнің аты, жөні, тегі	Өткізілетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орны
1.	Талап селосы	Ғабид Елтіңдіұлы Битенов — село әкімі	27.01.2020ж. сағат 11:00	Талап селосы №14 орта мектебінің акт залы
2.	Кеңгір селосы	Қанағат Байжанұлы Жанпейсов — село әкімі	29.01.2020ж. сағат 11:00	Кеңгір селосының клубы, акт залы
3.	Малшыбай селосы	Қайрат Мұратбекұлы Бананов — село әкімі	31.01.2020ж. сағат 11:00	Малшыбай селосы, №15 орта мектебінің спорт залы

Кеңгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулерін мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекен-жайларда 2020 жылдың 27 - 31 желтоқсан аралығында жәшіктер қойылады:

- Талап селосы, Молодежная көшесі, 21, №14 ОМ.
- Кеңгір селосы, Школьная көшесі 2, № 2 ОМ.
- Малшыбай селосы, №15 НМ.

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында (2020 жылдың 27 желтоқсанынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 73-66-08.

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты

БАСПАСӨЗ – 2020

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА Құрметті оқырман!

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғасатынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы — жылдағыдай.

Газетке бір жылға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін

Мекен жайға жеткізіп беру — 4000 теңге;

Редакциядан келіп алу — 3000 теңге;

Заңды тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру — 7000 теңге;

Редакциядан келіп алу — 6000 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:

8 7102 71 00 55, 77 50 25

Нариман МҰҚЫШЕВ:

АӘК МАСЫЛДЫҚ ТУҒЫЗБАУЫ КЕРЕК

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Нариман Мұқышев Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Жезқазған қаласына арнайы атбасын тіреп, жұмыспен қамту орталығында болды. Ондағы басты мақсат — өңірдегі өзекті мәселелермен таныса отырып, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап тағайындалатын атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматын жан-жақты түсіндіру.

Қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекова бастап келген вице-министрге қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры Абай Әзімбаев орталықтың ішін аралаптып, ұжымның жұмыс барысын көрсетті. Жұмыссыздардың санын азайтып, қолдауды қажет ететін отбасыларға мемлекет тарапынан қарастырылған көмектерді рәсімдейтін орталық заман көшінен қалмай, сапалы түрде қызмет көрсетуге ұмытылатын вице-министр тарапынан оң бағаға ие болды. Атап айтар болсақ, екі қолға бір күрек іздегендерге арналып жасалған электронды қосымша вице-министрдің көңілінен шықты. Арнайы жасалған QR-код арқылы кез келген қала тұрғыны смартфонның көмегімен бос жұмыс орындарының тізбесіне қол жеткізеді. Негізгі мамандығы IT саласымен байланысты болғандықтан Нариман Нұрланұлы қызметтерді сандық жүйеге көшірудің тиімді тұстарын сөз етіп, Жезқазған қаласы бойынша ірілістердің барын айтты.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда жоспарды еселеп орындаса да бірыңғай жиынтық төлем бойынша жұмыс асап тұрғанға ұқсайды. Естеріңізге сала кетсек, бірыңғай жиынтық төлем режимі формальды емес жұмыспен қамтылғандарға жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей-ақ кәсібін жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл санатқа әдетте такси, үй жағдайында сүлүлік қызметтерін көрсетіп, қондиртерлік, ауыл шаруашылық өнімдерін ұсынатын тұлғалар жатқызылған. Жезқазған бойынша бірыңғай жиынтық төлем жүргізілетіндердің саны — 1900 адам. 2019 жылы жоспарлы 289 адамның 271-і ғана төлем жасап, өз табысын заңдастыруға келіскен. Ай сайын 1 АЕК көлемінде төлем төлеуден бас тартқандар жаңа жылдан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында дәрігердің көмегіне тегін жүгіне алмайды. Осы бағытта жұмысты ширатуды тапсырған Нариман Мұқышев атаулы әлеуметтік көмектің жаңа түрін тағайындауға жоспарлы түрде кірісу қажеттігін нұсқады.

— Қазіргі таңда АӘК алушылармен жүздесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Олар ағымдағы жылы тағайындалған АӘК жарты жылға немесе



бір жылға тағайындалған болса да, 31 желтоқсанға дейін әрекет ететінін түсінуі қажет. Сенат қабылдаған заңға сәйкес, 1 қаңтардан бастап АӘК жаңа ережелер бойынша тағайындалады. Тиісінше, осы жылдың барлық төлемдерін айдың аяғына дейін іске асыру қажет. Яғни, АӘК-ті келесі жылдың қаңтарында емес, осы жылдың желтоқсаны айында төлеу керек, — деген вице-министр атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың жұмысқа жарамды мүшелерін жұмыспен қамтуды күнтізбесінен түсіруді қатан ескертті.

— Аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасы мүшелері мемлекет тарапынан тағайындалатын көмектердің мөңгі еместігін жіті түсінуі қажет. Өр отбасының асыраушысы өз жауапкершілігін сезініп, нәпақа тауып, балаларын асырауға міндетті екенін түсінетін кез келді, — деген Нариман Нұрланұлының ұсынылған жұмыстан бас тартқандардың отбасы көмектен қағылатынын айтты.

► 3-Бетте

ОҚЫРМАНҒА АРНАУ СӨЗ

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

Ар ма, ағайын! Міне, санаулы күндерден соң 2019 жыл да тарих қойнауына кеткелі тұр. Әлемде демей-ақ қоялық, бұл жыл елімізде елеулі оқиғалармен есте қалары анық. Халқымыздың жаңару мерекесі, жыл басы Наурыз мейрамы қарсаңында Мемлекет басшысы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің президенттік өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатып, Ата Заңымыздың талабына сай ел тізгінін тәжірибелі һәм белдеді саясаткер, бітімі бөлек қайраткер Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа тапсырып берді. Конституциямызда жазылғандай, биліктің бастау-булағы — халық, Маусымда өткен Президент сайлауында Қ. Тоқаев халық мандатына ие болды. Бұл оқиғалар қазақ мемлекеттілігінің өңді тарихында қоғамдық-саяси модернизацияның жаңа кезеңінің басы болып жазылатыны сөзсіз.

Кен қопарып, мыс балқытқан Жезқазған үшін де 2019 жыл мерейлі жыл болды. Қаламыздың қала мәртебесін алғанының 65 жылдығы, Тайжан ақынның 140, қазақтың ғұлама ұлы Қаныш Сәтбаевтың 120, сұңқар ақын Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығы сынды атаулы даталар Жезқазғанның рухани өміріне жан бітірген дүбірлі оқиғалармен көмкерілді.

Аймақтың ақпарат жаршысы ретінде «Saryarqa» газеті де өңірдегі жылт еткен жаңалықты қалың жұртшылыққа жеткізіп, оқырманға адал қызмет етуге тырысты. Қала

мерейтойына орай жыл басынан бері газет бетінде жаңа айдарлар ашылып, қала тарихы, Жезқазғанның өркендеуіне үлес қосқан тұлғалардың өнегелі жолы қайта жазылып, өңдіріс пен экономикадағы елеулі оқиғалар, игі бастамалар сараланды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар, бағдарламаның мақсат-міндеттері туралы да газет бетінде аз жазылмады. Бұл ретте тынбай ізденген шығармашылық ұжымға алғыс айтамын.

Кез келген мерзімді басылымның сүйеніші — оқырманы. Жаңа заман талабы, кейін пайда болған жаңа медиа дәстүрлі баспасөзге қуатты бәсекелес болып отырғаны белгілі. Мына заманда бәсекелестіктен қашып құтылу мүмкін емес. Қайта бәсеке сапаны арттырып, жауапкершілікті күшейтетін күш деп білеміз. Сылдыр сөзбен үйіп үде беруден аулақпыз. Алайда, 2020 жылы «Saryarqa» оқырмандарын тың жобалармен таныстырып, жаңа бастамалармен таң қалдырсақ деген ойымыз да жоқ емес. Ол күнге де жетерміз. Бастысы аман болайық, ертеңге деген сенімге селкеу түспесін. Алдағы жылы да «Saryarqa» оқырмандарының қатары сиремей, сау-саламат көрісеміз деп сенемін. 2020 жыл өр оқырманның шаңырағына тек шаттық сыйласын! Мереке құтты болсын!

Дархан МҰХАН,
«Saryarqa» газетінің бас редакторы



«SARYARQA» ГАЗЕТІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ АЛҒАШҚЫ НӨМІРІ 10 ҚАҢТАРДА ШЫҒАТЫНЫН ЖӘНЕ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖАЛҒАСАТЫНЫН ХАБАРЛАЙМЫЗ.

SARYARQA-AQPAPAT

ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ЕНГЕНДЕРДІҢ ТІЗІМІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүргізілген Президенттік жастар кадр резервіне енген 300 қазақстандық анықталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың маңызды бастамаларының бірі – Президенттік кадр резервін жасақтау. Алғаш рет сайлауалды бағдарламасында жария еткен болатын. Президент тапсырмасына сәйкес, бірнеше ай бойы ауқымды жұмыстар атқарылды және бүгін жастарды іріктеу аяқталды. Комиссия отырысында эксперттік комиссия ұсынған кандидаттар қаралды және 300 жас қазақстандық іріктеліп алынды, – деді ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев.

Оның айтуынша, резервке енген жастар мемлекеттік басқару жүйесінегі жауапты қызметтерге тағайындалады. Мұндағы басты мақсат – білікті басшылардың жаңа буынын қалыптастыру және жастар үшін әлеуметтік лифтінің ұтымды жүйесін құру.

– Бұл резерв мемлекеттік қызмет саласын жаңартуға, озық ойлы жас көшбасшыларды жұмылдыруға және жастарды ынталандыруға мүмкіндік береді. Бірақ, Президент айтқандай, тек жоғары лауазымға ұсынылатын топ деп қарауға болмайды. Бұл жоба жастарды халыққа шын ниетімен қызмет етуге ынталандыруы тиіс, – деді М. Әшімбаев.

Жоба жеңімпаздарының толық тізімін Президенттік жастар кадр резервінің ресми сайтынан көруге болады.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРЫНА ИПОТЕКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

ҚР Ұлттық банктің өкілі 2020 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енетін ипотекалық тұрғын үй заемдарын қайта қаржыландыру бағдарламасының өзгерістері туралы айтты.

ҚР ҰБ Қаржы қызметтері тұтынушыларының құқығын қорғау департаментінің директоры Александр Терентьевтің сөзіне қарағанда, мемлекет бұл бағытқа қосымша қаржы қарастырмайды. Ал босаңсыту шараларын ұсыну туралы шешімді жан-жақты талдаудан кейін кредитор-банк қабылдайды.

– Бірінші кезекте бұл түзетулер халықтың әлеуметтік тұрғыда осал топтарын қолдауға бағытталған. Оларға мүгедек баланы тәрбиілеп отырған отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар, толық емес отбасылар кіреді. Сонымен қатар, асыраушысынан айырылу немесе мүгедектікке шалдығу секілді өмірлік қиын жағдайлар да болып жатады. Сол топты қолдау керек, – деді А.Терентьев.

Мұнымен қоса, заемдар бойынша міндеттемені орындау есебінен жалғыз мүлкі банк балансына өтіп кеткен азаматтарды да қолдау шаралары ескерілген.

– Қаржыландыруға тоқталсақ, қосымша қаржы бөлу қарастырылмаған. Ипотекалық қарыз алушыларды қолдаудың осы шаралары бұған дейін ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыруға бөлінген қаражат аясында іске асырылады. Қаражат банктерде салымдарда орналастырылады. Және келісімшартпен белгіленген мерзім өткеннен кейін Ұлттық банкке қайтарылады, – деді ҰБ өкілі.

Айта кетейік, валюталық ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру мерзімі 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды. Қарыз алушылар валюталық ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру үшін 2020 жылғы 15 желтоқсаннан кешіктірмей кредитор банкке өтініш беруі қажет.

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН: ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ЗАҢНАМАМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІК

Президент Жолдауындағы бастамалар заңнамалық тұрғыда толықтай қамтамасыз етілді. Бұл туралы Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулин мәлім етті.

– Бірнеше күннен кейін біз жаңа 2020 жылды қарсы алатын боламыз. Жаңа жыл ерқашан да өткенге есеп беріп, болашаққа зор үміт және сенім арттыратын ерекше кезең. Әрине, біздің көзекті сессиямыз аяқталған жоқ. Бірақ өткен төрт айда атқарылған жұмыстарға тоқталатын болсақ, біз 30-дан астам заң жобасын қарап, мақұлдадық. Онда ең алдымен, халқымыздың әл-ауқатын күшейтуге ерекше назар аударылды. Соның арқасында тікелей әлеуметтік-экономикалық маңызы бар бірқатар заңдар қабылданып, оны жүзеге асыру үшін нақты қадамдар жасалды, – Н. Нығматулин Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында.

Осы орайда бұл жолда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев белгілеп берген стратегиялық бастамалар басшылыққа алынғанын, сондай-ақ, сессияның ашылуында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған мақсаттар басым бағыт болғанын атап өтті.

– Алдағы жылы да басталған жұмысты жалғастыратын боламыз. Осы сессия басталғалы Мәжіліс 77 заң жобасын жұмысқа алды. Біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын жүзеге асыруға бағытталған барлық заң жобаларын уақытылы мақұлдадық. Осы арқылы Президент Жолдауын заңнамалық қолдауды толықтай қамтамасыз еттік, – деді Мәжіліс төрағасы.

Белгі болғандай, Мәжіліс бірорсы шешіміне сәйкес, депутаттардың өңірлерге сапарлары 2020 жылғы 5-14 қаңтар аралығында өтеді.

ҰҚК: БИЫЛ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАТЫСЫ БАР 31 ШЕТЕЛДІК ҰСТАЛДЫ

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Нұрғали Білісбеков 2019 жылы терроризм мен экстремизмге қатысы бар 31 шетелдіктің ұсталғанын мәлім етті.

– Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның аясында тараптардың шекара қызметтері өзара байланыста әрекет етеді. Тұрақты түрде жыл сайын әр тоқсан сайын осы қызметтердің сарапшылар тобы жиналып, қажетті шешімдер шығарады. Жылда ең кемі бір рет шекара ведомстволарының басшылары бас қосып, отырыс өткізеді. Отырыста қажетті шешім қабылдап, ол шешімдер жүзеге асырылады. Бұл тәжірибе «Ынтымақтастық» деген бірлескен шекара операциясы арқылы атқарылады. Осы 2019 жылы Қазақстанның шекара қызметкерлері іздеуде жүрген 10 шетелдікті ұстап, өз елдеріне қайтарды, – деп тоқталды Нұрғали Білісбеков Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында.

Бұдан бөлек ол ҰҚК-ның іздеу жұмыстарының нәтижесі туралы айтты.

– Сонымен қатар, Ұлттық қауіпсіздік комитеті жедел іздеу жұмысын ұйымдастырады. Осы жұмыстың барысында 2019 жылы терроризм мен экстремизмге қатысы бар 31 шетелдікті ұстадық және олар елдеріне қайтарылды, – дейді ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары.

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Шаңхай ынтымақтастық ұйымының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенциясын ратификациялау туралы» заң жобасы мақұлданған болатын. Құжатта ШЫҰ елдерінің аумағында экстремистік ұйымдарды кіргізбеудің қадамдары айқындалды.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

Өткен жұмада Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов мемлекеттік мекеме мен кәсіпорын басшыларын жинап, кезекті аппарат отырысын өткізді.



Күн тәртібіне шығарылған үш мәселенің алғашқысы бойынша қала әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбедін баяндама жасады. Ол өз сөзінде 2019 жылғы қала бюджетінің орындалысы мен мемлекеттік сатып алу конкурстарының жай-күйі хақында есеп берді. Оның баяндамасын қабылдап, оң бағасын берген Қайрат Баяндыұлы қала тұрғындарын көмірмен қамтамасыз ету мәселесін назардан тыс қалдырмауға тапсырма берді.

– Бүгінгі таңда көмір қоры жеткілікті. Желтоқсан айында жеткізілген 2 мың тонна көмірдің бұғінде 900 тоннасы бар, – деп жауап берген Аманғали Әбдіхалықұлы мәселе қатаң бақылауда екенін көрсетті.

Баяндама жасау үшін мінберге шыққан қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекова болса, қаланың қоғамдық-саяси жағдайының тұрақтылығын тілге тиек етіп, 2020 жылдан бастап

тағайындалатын әлеуметтік көмектің жаңа түрі жайына кеңінен тоқталды.

– Жалпы ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында 740 отбасыға (3499 адам) 348 936,6 мың теңге сомасында атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. АӘК алушылар саны өткен жылмен салыстырғанда 6 есеге өсіп, бюджет шығындары 8,1 есеге артты. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы шеңберінде жаңа жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмектің жаңа жүйесі енгізілмекші. Ол қоғамда ашықтықты әрі әділеттілікті қамтамасыз етеді деп күтілуде. Енді төрт және одан көп баласы бар отбасыларға табысына қарамастан 42500 теңгеден 73375 теңгеге дейін жәрдемақы төлеугінін болмақ, – деген Зина Аманжолқызы аз қамтамасыз етілген көп балалы отбасылардың еңбекке жарамды мүшелерін еңбекке тарту мәселесі де



ойластырылғанын айтты.

Жұмыспен қамту мәселесінде мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасының басым бағыттары көмекке келмек. Атамшы бағдарлама сұранысқа ие мамандықтарды қысқа мерзімдік оқыту курсы, қайта даярлау мен кәсіпкерлікті ашу немесе дамытуды көздейдейіні белгілі. Ұсынылған жұмыстан бас тартқан жағдайда отбасына тағайындалған әлеуметтік көмек тоқтатылады. Бүгінде бұл талап тек жұмыс істеуге келіспеген отбасы мүшесіне ғана қолданылса, 2020 жылдан бастап барлық отбасы мүшелеріне тиеді. «Бірдің кесірі мыңға тиеді» деген осы болмақ.

Атаулы әлеуметтік көмек алушыларды тағы бір жағымды жаңалық күтіп тұр. Енді оларға көпбалалы отбасы мүшесіне көмегі көрсетіледі. Яғни, 2020 жылдан бастап мектеп жасына дейінгі балаларға ай сайын балалар тамағы мен тоқсан сайын гигиеналық заттар үлестірілсе, мектеп жасындағыларға мектепте тігін тамақтану ұйымдастырылып, оқу-құралдары мен мектеп формасы беріледі,

жол шығындары өтеледі. Осы ретте қала әкімі Қайрат Бегімов атағмыш әлеуметтік көмек пакетін ұсынылмас бұрын, арнайы комиссия құруды тапсырды. Комиссия өз кезегінде көп балалы отбасыларға берілетін көмектің дер кезінде әрі сапалы көрсетілуін қамтамасыз етуге жауапты болмақ.

Жылу маусымы штаттық режимде өтіп жатқанын айтқан қалалық тұрғын, үй коммуналдық шаруашылығы, жол алушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Кирил Данияров Бекболатсай елді-мекенінде орын алған авариялық жағдайларға байланысты жауапты мекемелер дереу шешім қабылдап, олқылықтың орын толтыруға барын салғанын жеткізді. Аталған елді-мекенде құбырлардың жарылуы жиі орын алатынына хабардар қала әкімі бұл мәселені шешудің көшенді жоспарын ұсынуды тапсырды. Сондай-ақ, қала көшелерінің қоқыстан, жолдарды қар мен мұздан тазалауға жауапты коммуналдық сала қызметкерлеріне нақты тапсырмалар жүктеді.

ӘКІМ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Жеке қабылдауға алдын ала жазылған бес қала тұрғынының төртеуі ғана келді. Өзін Жанна Викторовна деп таныстырған Алашахан көшесіндегі 20 «А» үйдің тұрғыны өз өтініш тындауды сұрады. Қайрат Баяндыұлының алдына келген әрбір жезқазғандықтың көтерген мәселесі орынсыз емес. Коммуналдық сала мамандарынан күдер үзген олардың өтініш-тілектері тыңдар құлақты енді тапқандай болды. Біраздан бері тұрғындардың бас ауруына айналған мәселелердің шешімі әл-сәтте-ақ табыла кетсе,

– Мен қаланың Батыс ауданынан жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін алған едім. Бүгінде үйдің құрылысын бастай алмай отырмын. Өйткені, құрылыс алаңында электр бағандары орнатылған. Оны мен өз күшіммен алып тастай алмаймын. Тіпті, алуға еш құқығым да жоқ,

– деп дабыл қаққан Сағынқұл Смағұлова мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде аталмыш ауданның жер телімдеріне инженерлік желі тартуға жауапты мердігердің былығын өшкере етті.

Құрылыс жұмыстарын жүргізген мердігер жұмысын сапасыз орындап, шамамен 150 жер теліміне жарық бағандарын дұрыс орнатпаған. Бұл мәселеден хабарсыз екенін айтқан Қайрат Баяндыұлы бір аптаның ішінде осы мәселені шешуді қала құрылысы мен жер қатынастары бөлімдерінің басшыларына тапсырды. Сондай-ақ, инженерлік желілер тартылып жатқан жер телімдеріндегі құрылыс жұмыстары бойынша есеп сұрады.

Өтініш айтқан өзге тұрғындардың сұрақтары әдеттегідей қалалық сумаң, жылумен жабдықтау кәсіпорны және

Сәрсенбінің сәтінде қала әкімі Қайрат Бегімов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының ғимаратында өткен кездесуге мемлекеттік мекеме, кәсіпорын басшыларымен қатар қалалық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова қатысты.



қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары мен жолаушылар көлігі бөліміне тиесілі. Мардымыс жылуды, тозығы жеткен көріз желілері мен заласыздандырылған жертелелерді тілге тиек еткен қала тұрғындары мәселені шешудің нақты жолдары қарастырылғанына риза болды.


Жезқазғандықтарды алаңдатқан барлық сұрақты мұқият тыңдап шыққан қала басшысы: «Жаңа жылға дейін орындаңыздар», – деп шегеледі.

Бет материалдарын дайындаған Диана ОРАЗАЛИНА Суреттерді түсірген Фалия ӘБДІҒАППАРОВА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ОРНАЛАСУ

ережелері түсіндірілді

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы Нұргүл Алина Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің және политехникалық, технология және сервис, бизнес және келік, гуманитарлық, индустриалды-гуманитарлық колледждердің студенттерімен, сондай-ақ Жезқазған қаласының халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерімен кездесіп, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға және құқық қорғау қызметіне орналасу тәртібін, тестілеу тапсыру ережелерін түсіндірді.



Qazaqstan Respyblıkasy Prezidentiniń joldaýy

Кездесу барысында мемлекеттік қызметке кіру үдерісі бірнеше кезеңдерден тұратыны айтылды. Жалпы, мемлекеттік қызметке орналасу төменгі лауазымдардан басталып, жоғары лауазымдарға тағайындалу біртіндеп мансаптық жылжу арқылы жүзеге асырылады. Төменгі лауазымдарға жарияланатын жалпы конкурсқа қатысып, мемлекеттік қызметші болу үшін үміткерлер бірнеше іріктеу сатыларынан өтуі керек. Оның бастапқысы Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестілеуден басталады. Бұл – Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстық іріктеудің алғашқы әрі маңызды сатысы.

Тестілеу компьютерде, арнайы жабдықталған залда дұрыс жауапты таңдау арқылы жүргізіледі. Әкімшілік қызметке орналасу үшін тапсырылатын тестілеу үш бағдарламадан тұрады. Тестілеудің бірінші бағдарламасы, облыс деңгейін алатын болсақ, облыстық департамент, инспекция, басқармалардың басшылары мен олардың орынбасарларының, аудандық, қалалық аумақтық басқармалардың басшыларының, аудан немесе қала әкімінің орынбасарларының, аппарат жетекшілерінің, облыс әкімі аппаратының, облыстық мәслихаттың және тексеру комиссиясының басшы лауазымдарына орналасу үшін тапсырылады.

Екінші бағдарлама бойынша тестілеу облыстық департаменттердің ішіндегі басқарма басшыларынан бастап жетекші мамандары, аудандық немесе қалалық аумақтық басқармалар басшыларының орынбасарларынан бастап бас мамандары, облыс әкімі аппаратының, облыстық мәслихаттың және тексеру комиссиясының бас мамандары мен жетекші мамандары, облыстық басқармалардың бөлім басшыларынан бастап жетекші мамандарына, қалалық немесе аудандық әкім аппараттарының бөлім басшыларына, аудандық, қалалық дербес бөлім басшыларынан сектор меңгерушілеріне дейін, ауылдық, селолық округ әкімдерінің орынбасарлары мен бөлім басшыларының лауазымдарына түсу үшін тапсырылады.

Аудандық немесе қалалық аумақтық басқармалардың жетекші мамандары, қалалық немесе аудандық әкім аппараттарының бас мамандары мен жетекші мамандары, аудандық, қалалық дербес бөлімдердің бас мамандары мен жетекші мамандары, ауылдық, селолық округ әкімі аппараттарының бас мамандары мен жетекші мамандары лауазымдарына орналасу үшін үшінші бағдарлама бойынша тестілеу тапсыру қажет.

Бірінші бағдарлама бойынша 145 сұрақ (115 минут), екінші бағдарлама бойынша 130 сұрақ (105 минут), үшінші бағдарлама бойынша 100 сұрақ (85 минут) қарастырылған. Тестілеудің оң нәтижесіне ие болған жағдайда жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеу тапсыру қажет. Бұл – конкурстық іріктеудің екінші сатысы. Жеке



қасиеттерді бағалауға арналған тестілеу тапсырмаларына стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адальдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау, көшбасшылық, стратегиялық ойлану, өзгерістерді басқару деңгейін анықтауға арналған сұрақтар кіреді. Олардың әрқайсысы он тапсырмадан тұрады.

Жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеуді өту мәні растық деңгейі бойынша кем дегенде 50%-ды құрайды. Тапсырмаларды орындауға жалпы 100 минут уақыт беріледі.

Тестілеуді бірінші ретте тапсыра алмай қалған жағдайда қайта тестілеуге бір айдан кейін келуге болады.

Тестілеуге жазылу үшін «электрондық үкімет» (egov.kz) немесе Мемлекеттік корпорацияға (Халыққа қызмет көрсету орталығы) жүгіну арқылы тестілеу бағдарламасын таңдап, тест тапсыру уақыты мен күнін белгілеп, өтініш беруге қажет.

Соңғы саты – аңгімелесу. Ол бос орынға конкурс жариялаған мемлекеттік органда өтеді.

Өткізіліп жатқан конкурстар туралы хабарландырулар әкімшілік бос лауазымдары бар мемлекеттік органдардың және Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің (www.uzmet.gov.kz) сайтында жарияланады. Сонымен қатар, кездесуге қатысушылар мемлекеттік қызметке кіру бойынша үміткерлерді толық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында Quzmet.info сайты әзірленгендігі жөнінде ақпаратпен және оны қолданудың сатылық нұсқаулығымен танысуға мүмкіндік алды.

МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 25 ЖЫЛ ДЕПУТАТТАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс қарамағындағы аймақтың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілдік орган саналып және жалпы мемлекеттік мүддені ескере отырып, халық және мемлекет мүддесіне қызмет етуді басты ұраны еткен Қазақстан Республикасының мәслихатының құрылғанына биыл 25 жыл толды. Осыған орай қала әкімі Қайрат Бегімов, мәслихат хатшысы Советбек Медебаев және қалалық және облыстық мәслихаттың әр жылдағы шақырылымдарының депутаттары қатысқан мерекелік конференция Жезқазғанда да ұйымдастырылды.



— Мен қарағандылық әріптестеріммен бірге Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан Республикасы мәслихатының құрылғанына 25 жыл толуына арнайы өткізілген республикалық конференцияға қатысып қайттым. Конференция барысында еліміздің бас сенаторы Дарига Назарбаева: «Менің аймақтарға іс-сапарларым, депутаттармен қарым-қатынасы барысы республикалық бюджет, заңнамалық жұмыстар бойынша сіздерде үлкен потенциал бар екенін көрсетті. Әріптестер бюджетті жоспарлау процедураларын өзгерту, оған депутаттардың белсенді қатысуы, аймақтың тексеру комиссияларын бюджет жұмысына тарта мәселелерін негізді түрде көтеріп кел-

леді. Бұл осы мәселелерге қатысты біздің көзқарасымыз бір екенін білдіреді және ары қарай қай бағытта жүретінімізді осыдан түсінуге болады», — дей келе, мемлекеттік басқарудағы азаматтар мен олардың проблемаларына ең жақын аса маңызды буын ретінде жергілікті өкілді билік органдарының мән-мағынасына кеңінен тоқталды. Ширек ғасырлық уақыт ішінде Қазақстан мәслихаты өзінің белсенді еңбегі мен ізденістерінің арқасында ел тарихының дамуында өзіндік өшпес үлесін қалдырды, — деді өз сөзінде барша әріптестерін осынау жарқын оқиғамен құттықтаған Советбек Медебаев.

— Құрметті депутаттар мен конференцияға қатысушылар, Тәуелсіз

Қазақстан мәслихатына 25 жыл толуымен шын жүректен баршаңызды құттықтаймын. Қазақстан мәслихаты, соның ішінде жезқазғандық мәслихат күрделі даму жолдарынан өтті. Бүгінгі мәслихат қалыптасқан қоғамның негізгі тірегіне айналды. 1993 жылдан бері халық игілігі үшін маңдай терлеріңізді төгіп, түрлі маңызды іс-шаралардың ұйтқысы болған мәслихат депутаттарының еңбегі мақтауға тұрарлық. Сіздерге алдағы уақытта да осы беттеріңізден таймаңыздар дегім келеді. Баршаңызға зор денсаулық және еңбектеріңізге табыс тілеймін, — деді алғашқы құттықтау сөзді алған қала әкімі.

Шара одан әрі марапаттау рәсімімен жалғасты. «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісі Хансейт Бөленге және қала әкімінің Алғыс хаты Виктор Сотниковке, Сергей Сурнин мен Станислав Филипповичке, Денис Абаховқа табысталды.

Одан әрі сөз алған Бауыржан Шыңғысов, Бекзат Алтынбеков және қалалық мәслихаттың төртінші шақырылымының хатшысы Қайырбек Әбдіров «Қазақстан мәслихаттарына 25 жыл» мерейтойлық медалін қалалық мәслихат шақырылымдары депутаттары мен ардагерлерінің кеудесіне тақты. Конференция соңында сөз алған қалалық мәслихаттың екі бірдей шақырылымының депутаты Нұрия Жұмажанова мәслихат жұмысының елге тигізген пайдасы мен еңбектеріңіз тілге тиек етіп, кездесуді ұйымдастырған қала басшылығына алғысын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

КЕЛЕР ЖЫЛ КЕЛБЕТІ ЖАҢАЛЫҚҚА ТОЛЫ ЖЫЛ

Жыл санауға байланысты алғашқы деректерді сонау VIII ғасырдағы Күлтегін ескерткіштерінен хәм XI ғасыр ғұламасы Махмұт Қашқари еңбектерінен көруге болады. Бұл жыл санау тарихының тамыры тым әріде жатқанын айқайтаса керек. Қазақ халқының да жыл санауында біз біле бермейтін болжам мен жорамал өте көп. Халқымыздың есебі бойынша 12 жыл бар. Әр жылдың атауына, неге олай аталғанына бала күннен хабардармыз. Бойына сенген түйенің өркешіне шығып, жыл басы атанған пысық тышқан жылын жұрт молшылық пен берекенің, бейбітшілік пен тыныштықтың жылы деп санаған. Және елдің бұл сенімі көбіне ақталып та отырған. Шынында да, Тышқан жылы қиыншылық, жаугершілік, аштық бола бермеген екен. Араға бір мүшел салып қайта келген тышқан жылы Қазақстан үшін жағымды жаңалықтармен кіретінін астролог, нумеролог сынды болжаушылар жарыса жазып жатқаны белгілі. Ал, біз өз кезегімізде 2020 жылы қазақстандықтарды күтіп тұрған өзгерістерді сөз етсек.

Жалақының өсуі

Қазақстанның еңбек заңнамасы бойынша елімізде тек ең төменгі жалақының мөлшері ғана реттеледі. Қалғаны — жұмыс берушінің қалауына қарай.

2019 жылдың басынан бері әлеуметтік жауапкершілік аясында 203 мың кәсіпорын 1,2 миллион жұмысшының жалақысын 32%-ға — 46 мың теңгеден 61 мың теңгеге дейін көтерді.

1 шілдеден бюджет қызметкерлерінің айлығы 30%-ға ұлғайды.

Ал, 2020 жылдың 1 қаңтарынан мұғалімдердің жалақысы 25%-ға, мәдениет саласы қызметкерлерінің айлығы 35-50%, әлеуметтік сала қызметкерлерінің 30-60%-ға өседі деп жоспарланып отыр.

Зейнетақы, күнкөріс деңгейі және АЕК 2020 жылы ең төменгі базалық зейнетақы 800 теңгеге ұлғайып, 16 839 теңгеге құрайды.

Биыл ең төменгі зейнетақының мөлшері 36 108 теңге болса, келесі жылы 38 636 теңгеге жетеді. 2020 жылдың басынан қазақстандықтардың зейнетақысы инфляция деңгейіне қарай өседі.

• ең төменгі күнкөріс деңгейі — 31 183 теңге;
• ең төменгі жалақы — 42 500 теңге;
• айлық-есептік көрсеткіш — 2 651 теңге.

Жыл сайын айлық есептік көрсеткіштің өсіп отыруына байланысты, мемлекеттен балаларға, мүгедектерге, асыраушысынан айырылу бойынша, аса зиянды және ауыр жұмыстарда еңбек ететін адамдарға төленетін әлеуметтік жәрдемақылар да көбейеді.

Төлқұжат пен жеке куәлік қымбаттайды

Келесі жылдан төлқұжат пен жеке куәлік алу қымбаттайды.

• төлқұжат алуға мемлекеттік баж салығы — 8 АЕК немесе 21 208 теңге;

• жеке куәлік — 0,2 АЕК немесе 530 теңге.

Егер азамат жеке куәлікті ауыстыруға уақытылы өтініш бермесе, онда оған 7 АЕК немесе 18 557 теңге айыппұл салынады.

Әдетте құжаттарды алу мерзімі 15 күнге дейін уақыт алады. Десе де қосымша ақы төлеп, құжаттарды жедел алуға болады.

Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары үшін

• **Жеделдіктің бірінші санаты — бір жұмыс күніне дейін — 4 983 теңге;**

• **Жеделдіктің екінші санаты — үш жұмыс күніне дейін — 2 752 теңге.**

Облыстардың аудандары мен қалалары үшін

• **Жеделдіктің үшінші санаты — жеті жұмыс күніне дейін — 1 166 теңге.**

Ал жүргізуші куәлігін алу үшін мемлекеттік баж салығы — 1,25 АЕК немесе 3 314 теңге.

Стипендия көтеріледі

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қаңтарынан студенттердің шәкіртақысын 25%-ға ұлғайтуды тапсырды. Мемлекет басшысы бұл туралы Жастар жылының жабылу салтанатында мәлімдеген еді. Келер жылдан бастап студенттердің стипендиясы былай өзгереді:

• бакалавриатта — 20 949 теңгеден 26 186 теңгеге дейін;

• магистратурада — 53 530 теңгеден 66 913 теңгеге дейін;

• докторантурада — 81 998 теңгеден 102 498 теңгеге дейін.

Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру

2020 жылдан бастап елімізде пациенттерді қабылдау мен емдеу жаңаша жүргізіледі. Оған себеп — Қазақстан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне көшкелі жатыр.



МӘМЖ аясында мемлекет тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін сақтайды.

1 қаңтардан бастап жұмыс берушілер мен өзін-өзі жұмыспен қамтушылар медициналық сақтандыру қорына жарна аударуға міндеттелді:

• жұмыс берушілер үшін — жалақы қорының 2%-і;

• жұмысшылар үшін — еңбекақының 1%-і;

• жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары, жеке практикамен айналысатын тұлғалар — 1,4 ЕТЖ-нің (ең төменгі жалақы) 5%-і;

• азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімшартпен жұмыс істейтіндер — табысының 1%-і;

• өздігінен төлеушілер — 1 ЕТЖ-нің (ең төменгі жалақы) 5%-і.

Ал, жеңілдікке ие азаматтардың 15 санатына мемлекет жарнаны қорға өзі аударды.

Кредит беру шектеледі

Жаңа жылдан бастап кіріс күнкөріс деңгейінен төмен қазақстандықтарға кепілсіз кредит берілмейді. 2020 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 31 183 теңгеге тең болады.

Бұған қоса, жұмыссыздар да кредит ала алмайды. Өйткені банктер жұмыс алу үшін соңғы 3-12 айдағы ресми табысты көрсетуі қажет.

Сонымен қатар, банктерге азаматтардың кредит бойынша бөreshегі 90 күннен асып кеткен жағдайда, комиссия есептеуге тыйым салынады.

Табыс салығынан кімдер босатылады?

2020 жылдың басынан бастап арнайы салық режимін қолданатын микро және шағын бизнес субъектілері табысқа салынатын салықтан үш жылға босатылады. Бұл — Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы. Алайда, бұл өзгеріс жер қойнауын пайдаланушылар, акциздік өнім өндірушілер, омын бизнесі, сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларына қатысты емес. Бұдан бөлек, шағын және орта бизнеске үш жылға тексеріс жүргізуге мораторий жарияланды. Бірақ, бұл тексеріс мүлде жүргізілмейді деген сөз емес. Көкеңдік тексеріс, көзілпе салық тексерісі, қылмыстық іс аясында және салық төлеушінің өтініші бойынша өз қызметіне қатысты жүргізіліп жатқан тексерістер қала береді.

Бензин бағасы өседі

2020 жылдың 1 қаңтарынан бензин акцизі екі есеге дейін көтеріледі — тоннасына 10 500 теңгеден 24 435 теңгеге дейін. Бұл өз кезегінде бензин бағасына әсер етеді.

Бензин бағасы литріне 10 теңгеге өседі. Яғни, бір литр үшін акциз 8 теңгеден 18 теңгеге дейін ұлғаяды.

Жылдың жаманы жоқ. «Ескі жыл есірке, Жаңа жыл жарылқ» демекші, кез келген тығырықтан жол табатын Тышқан жылында да еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында оң өзгерістер орын алып, тұрғындардың әлауақаты арта түсеріне сенім мол Ләйлі. Солай болғай!

Дайындаған Диана ОРАЗАЛИНА

ТАҢДАУЫМЫЗ — ЕРІКТІ БОЛУ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен волонтер жылы аталған келер жылды жезқазғандық жас еріктілер де үлкен қуанышпен қарсы алады. 2019 жылды қорытындылау ретінде ұйымдастырылған кездесуге отызға жуық қала еріктісі мен Жезқазған қалалық Жастар ресурстық орталығының мамандары және мектеп директорлары мен орынбасарлары да қатысты.

— Біздің еріктілер клубы 2017 жылдан бастап жұмысын бастады. Қазіргі таңда құрамымызда жүзге тарта ерікті бар.

Олардың қатарынан мектеп оқушылары, студенттер және жұмыс істейтін мамандарды да табуға болады. Біздің еріктілер жыл бойы түрлі іс-шараларға қатысты. Мысалы: әдеби-танымдық концерттер, мерекелік іс-шаралар, тал егу акциясы. Осыдан бірер күн бұрын балалар үйіне де барып, қолымыздан келгенше көмегімізді көрсетуге тырыстық. Көмек керек адамға қол ұшын созу қазақ халқының қанына сіңісті қасиет қой. Сол себепті ерікті болу бізге қиыншылық тудырмайды деп ойлаймын. Мемлекет басшысы да 2020 жылды еріктілер жылы деп жариялады. Бұл — біз үшін қуанышты жағдай.

Келер жылға құрған, атқаруға тиісті жоспарларымыз да жетерлік, — деді өз сұхбатында «Жылдың үздік еріктісі» атағына ие болған жезқазғандық ерікті жастардың көшбасшысы Ыдырыс Қозайдаров.

— Мен 2019 жылдың қыркүйегінен бастап ерікті болып жүрмін. Басында қолымнан келмейді деп ойлаған. Бірақ, мұндағы достарымның көмегімен ерікті болуға деген



қызығушылығым арта түсті. Маған ердайым жақсы істердің басы-қасында болып, белсенді өмір сүрген қатты ұнайды. Міне, бүгінде еріктілердің топшасымыз болдым. Бүгінгі мерекелік шараны ұйымдастырушыларға зор алғысымды білдіремін. Бұндай кештердің жас еріктілерге қолдау білдіруде үлесі зор деп білемін, — дейді ерікті Ділназ Жақыпбекова.

Шара басында барша ерікті жастарға алғысын білдірген қаламыздағы жастар ресурстық орталығының директоры Ботакез Мұхидден ерікті жастарды ұйымдастырып,

қоғамдық өмірге белсене араласқан Айнұр Тортабаева, Ұмтіжан Жасынбековаға, Гүлсім Сандықбаева мен Әлия Бәжібаеваға, Ануара Рашитоваға, Саят Балмағанбетов пен Ақансері Сүлейменовке, Әсем Асанжановаға Жезқазған қаласы әкімі Қайрат Бегімовтің Алғыс хатын табыстады. Сондай-ақ, жастар ресурстық орталығының қызметкерлері Қарағанды облысының жастар саясаты жөніндегі басқарма басшысы Нұржан Жетпісбаевтың Алғыс хаттарымен марапатталды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРДІ

Республикалық «Жолда қабылдау» акциясы Жезқазған қаласында да жиі ұйымдастырылуда. Осыған орай, «Сауатқа» газеті ұжымы да акция барысына шолу жасап, тұрғындарды алаңдатқан мәселелермен танысты.

— Ішкі істер министрінің нұсқауымен «Жолда қабылдау» және «Аулада қабылдау» акциясы ай сайын қатарынан екі күн ұйымдастырылып тұрады. Аяу райының қолайсыздығына байланысты полиция басқармасының жаңадан ашылған «Фронт» офисінде «Жолда қабылдау» акциясын ұйымдастырып отырмыз. Біз бұл жерде құқық қорғау мәселелері бойынша тұрғындар сауалына жауап іздейміз. Тіпті оларды алаңдатқан мәселелер біздің өкілеттімізге кірмейтін болса да тұрғындарға бағыт-бағдар беріп, оң шешімін табуына жәрдемдесеміз, — деді газетімізге берген сұхбатында Жезқазған қаласы полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары міндетін атқарушы, полиция полковнигі Аманжол Кәрімов.

Акция барысында К. есімді тұрғын жол жүру ережесін бұзғандығына байланысты бір апта ішінде айыппұл төлеудің негізгі ережелерін білгісі келетіндігін жеткізді. Полиция қызметкерлері жеңілдетілген айыппұл төлеу өдісін түсіндірді. Соған сәйкес бір апта ішінде тағайындалған айыппұлды толықтай өтейтін болса, елу пайыз жеңілдік қарастырылатындығын хабарлар болды.

Сондай-ақ, жезқазғандық тұрғындарды алаңдатқан жайттардың бірі — көші-қон мәселесі. Қазақстан ішінде және шетелдерге қоныс аударуға қатысты сұрақтар қойған



тұрғындарға Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жылдағы арналарға тұрғындарымыз іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары мен арнайы бекітілген мемлекеттік қаулы түсіндірілді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛТТІ

Ұдайы игі істердің жанынан табылатын «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы бұл жолы да қайырымдылықтан тысқары қалмады.

Филиалдың қоғамдық-саяси жұмыс секторының меңгерушісі Сәкен Смағұлов бастаған ұжым қызметкерлері «Аялы алақан» орталығына барып, балаларды қуантты.

Естеріңізге сала кетсек, «Аялы алақан» орталығы осыдан сегіз жыл бұрын Жезқазған қаласы әкімдігі мен «Талап» қоғамдық қайырымдылық қорының демеушілігімен Жезқазған-Сәтбаев қалаларындағы әлеуметтік көмекке мұқтаж, бір жарым жасан он сегіз жасқа дейінгі психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл мүшелері бұзылған мүмкіндігі шектәулі балаларға арналып ашылған-ды. Қазіргі таңда бұл орталықтың 55 тәрбиеленушісі бар. Өз жұмысын таң сәріде балаларды үйді-үйден жинаудан бастап, кешкі уәде оларды үйіне таратумен аяқтайтын орталық мерекеге үлкен әзірлікпен келгені көрініп-ақ тұрды. Білікті тәрбиешілер мен мамандардың қарауындағы балалар да мерекелік мән-мағынасын түсініп, барына әзірленіпті.

Оларды құттықтай барған «нұротандықтар» ақ тілектерін ақтарып,



балғындарға сыйлықтар үлестірді. Бала жүзіне күлкі үйіріліп, жанарын қуанышқа толтырған «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы қызметкерлеріне «Аялы алақан»

орталығының басшылығы мен тәрбиеленушілері ризашылығын білдірді.

Бота ШАЛҚАР
Суреттерді түсірген
Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖАҢАША ТӨЛЕНДІ

Алдағы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап көп балалы аналарға төленетін жәрдемақы мен аз қамтылған отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек жаңа жүйе бойынша берілетін болды. Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов бұл жүйе жөніндегі заң жобасының Парламент Мәжілісінде мақұлданып, күшіне енгенін мәлімдеді. Енді мемлекеттік көмек үш бағытты қамтиды: көпбалалы отбасыларын жәрдемақы төлеу арқылы қолдау, атаулы әлеуметтік көмекті жаңартылған жүйе бойынша беру және аз қамтылған отбасыларының балаларын кепілді әлеуметтік жиынтықпен қамтамасыз ету. Біз осы өзгерістерге байланысты қаладағы әлеуметтік сала мекемелеріндегі қолға алып жатқан шараларына назар аударған едік.

— Бізде 2019 жылдың желтоқсан айындағы көрсеткіш бойынша 749 көпбалалы отбасы 10500 теңгеден арнайы әлеуметтік жәрдемақы алып тұрған болатын. Енді бұлар 2020 жылдан бастап көпбалалы аналарға төленетін жәрдемақыны жаңа жүйе бойынша алатын болады. Сонымен қатар, 1 қаңтардан бастап жәрдемақы алатын көп балалылар қатарына тағы 440 отбасы қосылып отыр. Төрт және одан да көп көмелетке толмаған баласы бар отбасыларына мемлекеттік жәрдемақы табысына қарамастан тағайындалады. Көмелетке толған баласы күндізгі бөлімдегі оқу орнының студенті болса 23 жасқа толғанша төленеді. Жәрдемақы отбасындағы балалар санына қарай әртүрлі мөлшерде есептеледі. Нақтылап айтқанда, 4 балалы отбасына 42500 теңге, 5 балалыға — 53125, 6 балалыға — 63750, 7 және одан да көп баласы бар отбасыларына 73375 теңгеден жәрдемақы тағайындалады, — дейді Жезқазған қалалық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Алмагүл Байменова.

Бала туғанда берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы көлемінде де өзгерістер бар. Жыл сайын айлық есептік көрсеткіштің өсіп отыруына байланысты, мемлекеттен балаларға төленетін жәрдемақы да көбейеді. Мәселен, 2020 жылы 1 АЕК 2 651 теңгеге тең болады. Жәрдемақы жұмыс істейтін және істемейтін деп бөлініп-жармай, себепті болған айелдердің барлығына төленеді. Алдағы жылы бірінші, екінші, үшінші балаға — 38 АЕК немесе 100 738 теңге, төртінші және одан кейінгі балаларға — 63 АЕК немесе 167 013 теңге төлеу қарастырылған. Ал, отбасында егіз, үшәм, төртәм дүниеге келсе, біржолғы мемлекеттік жәрдемақы ер себегіне төленеді. Бір жасқа дейінгі баланың күтіміне байланысты төленетін жәрдемақының мөлшері отбасындағы балалар санына қарай сараланады. Мысалы, бірінші балаға — 5,76 АЕК немесе 15 270 теңге, екінші балаға — 6,81 АЕК немесе 18 054 теңге, үшінші балаға — 7,85 АЕК немесе 20 811 теңге, төртінші және одан да көп балаға — 8,90 АЕК немесе 23 594 теңге. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға табысына қарамастан төленетін ай сайынғы жәрдемақы 16 970 теңге болып белгіленді.

Атаулы әлеуметтік көмекке қатысты жаңа тәсілдер енгізіліп отыр. Жаңа жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек отбасының табысын қадағалап, анықтап отыру мақсатында әр топтан сайын тағайындалатын болады. Бұл жөнінде Жезқазған қаласы тұрғындардың жұмыспен қамту орталығының басшысы Абай Әзімбаев мемлекеттік көмек шынымен мұқтаж адамдарға көрсетілетінін алға тартты.

Отбасындағы әр жаңа шаққандағы табыс ең төменгі күнкөріс мөлшерінің 70% аспаса (бұл үстіміздегі жылы 20789 теңге болатын) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқылы. АӘК мөлшері кедейлік шегі мен жан басына шаққандағы табыс арасындағы айырмашылық түрінде барлық отбасы мүшелеріне тағайындалады. Алайда, мемлекет масылдыққа салынбау жолына қатты мән беріп, талапты күшейтіп отыр. Мәселен, отбасындағы еңбекке қабілетті азаматтар жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартқан жағдайда ол рана емес, отбасының басқа да мүшелері АӘК алу құқығынан айрылады. Осыған орай, отбасының материалдық жағдайын тексеру мерзімі үш күннен жеті күнге дейін ұзартылды. Оны арнайы уәкілетті комиссиялар тексереді. Бала күтімімен отырған анаға баласы үш жасқа толған соң белсенді жұмыспен қамту шараларына қатысуына мүмкіндік беріледі. Үстіміздегі жылдың 11 айында Жезқазған қаласы бойынша атаулы әлеуметтік көмек 740 (отбасы мүшелерінің саны — 3 499 адам) аз қамтылған және көпбалалы отбасына тағайындалған болатын. Енді жаңа тәсіл бойынша тағайындаған кезде бұл көрсеткіштің елеулі мөлшерде өзгеретіні анық, — дейді жұмыспен қамту орталығының мамандары.

ОЙ ТАСТАДЫМ ОРТАҒА

ХАЛЫҚҚА ҚАЛҚАН БОЛҒАН

билерімізді ұлықтайық

Қазақ халқының тарихында XII ғасыр ерекше орын алады. Осы кезден бүкіл дүние жүзіне әміршілік үлгісін қалдырған Шыңғысхан дәуірі басталды. Қазақ даласында өмір сүрген түркі тілдес көптеген халықтардың бірі қият руының басшысы Есукей батырды қастары татарлар у беріп өлтіргеннен кейін оның отбасы қуғынға ұшырап, баласы Темірші жасынан қорлық азабын көріп өседі.

Есейе келе Темірші қасына жақтастарын жинап, нағашы жұрты қоңырат руының ханы Таян ханның қолдауымен өкесін өлтірген татарлардан кегін алып және өзін қуғындап, қорлаған басқа руларды да талқандап, үлкен билікке жетеді. Өзін жоғары хан – Шыңғыс хан деп жариялап, үстемдігі осымен бітпейтінін байқатады. Осы кезден бастап бүкіл қазақ даласында хан билігі тұрақты орын алған. Хандық жүйе XIX ғасырда қазақтар Ресей патшасының бодандығына толық өткеннен кейін ғана жойылды.

Шыңғыс хан дәуірінен бастап қазақ руларын билеуші хандар тек Шыңғыс ұрпақтарынан сайланатын болған. Хан дәрежесіне ие болғандардың ұлдары Сұлтан деген қосымша атақ ие болып, ал басқа ұрпақтары төрелер деген атақ иеленген. Бұл ұғым оларды халықтың ерекше құрметтеп төрге отырғанына байланысты «төр иелері» деген сөзден тараған болуы керек.

Шыңғыс хан өзін ұлы хан деп жариялағаннан бастап, өзінің қарамағына кірген барша халықтың аты моңғолдар деп аталады деп жария еткен, осылайша қазақ жерінде моңғолдар, сұлтандар, төрелер және төлеңгіттер (қызметшілер) деген атаулар тұрақты қалыптасқан.

Осы хандар билігімен қатар билер төрелігі де өмірге келген. Хандар билігі жоғары әлеуметтік топтарының деңгейінен төмендемеген, қарапайым халықтың мұқтаж тауына қорғамаған. Билер төрелігінің қалыптасуының бірден бір себебі осыдан. Олар өздері халық арасынан шығып, өмір қиындықтарын жете білетіндіктен халық арасындағы дау-дамай, егесу-тіресу, жауласу сияқты мәселелерді әділ шешіп отырған, сондықтан оларды халықтар жаппай мойындаған, қадірлеп, құрметтеген басшылары болған.

Олар хандардың халыққа деген қаталдығын, өктемдігін, озбырлығын көре жүріп, шамалары келгенше жеңілдік жасауға тырысып отырған. Тарихта Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды билердің әділеттілік жәршісы, халқының қамқоршысы болып тарихта аттарын қалдырғаны белгілі.

Олардың хан билігін халыққа жұмсарту жолдарын іздегісі, әрекет жасағаны мәлім. Осы Мақсатта Төле мен Қазыбек би құпия бір әрекет жасауға келіседі. Мақсаттары ханды қара халық арасынан сайлап, халыққа жақындату болған. Ол үшін екеуі ел ішінен жас нәрестелерді ата-анасынан бөліп алып, төрелер әулетінде тәрбиелеткен. Төле бидің қолдауымен Абылай хан болып билік құрған Әбілмәснұр тарихы да осыған жақын.

Ал, Қазыбек бидің жасырын тәрбиелеген Жолбарыс да хан дәрежесіне жетеді. Бірақ, оның емшектес бауыры Әбілқайыр анасынан осы құпияны білгеннен кейін

Жолбарысты құпия өлтіртеді. Сол себептен Жолбарыс ханның тарихтағы кезегі қысқа болған.

Осы үш бидің бас қосып отыратын орны Ұлытау өңірі болған. Бұл жер ерте заманнан



Бағаналы жұртының қонысы болғанымен, ресми түрде мойындалмаған, сондықтан да үш жүздің билері осында келіп, жаз бойы ел арасындағы дау-жанжалдарды шешетін болашақ күрделі шешімдерін қабылдайтын тұрақты орны болған. Осы қалыптасқан тұрақтылықты Қазыбек би бұзған екен. Сол жылы Төле би науқастанып бас қосуға келмеген. Осыны пайдаланып, Қазыбек би осы өңірдің ерте заманнан Бағаналы жұртының ата қонысы болып келгенін ескере отырып, бұдан былай Ұлытау өңірі Бағаналы елінің тұрақты қонысы болсын деп жариялайды. Осыны естіген Төле би жылдағы жайлауынан айрылдым-ау деп өкінген екен. Қазыбек бидің осы тағдырылы шешімінен кейін рулар қонысын шешуге бас қосқан «Төрт босаға» деп аталған Қадір би, Бабыр би, Шегір би және Сандыбай батыр отырысында Қадір бидің ұсынысымен Шегір би руларды орналастыру мәселесін шешкен. Осылайша ор-

наласқан ел арасында жер дауы мәселесі бір-ақ рет білінген, ол Сандыбай ұрпақтарының мекені Есіл өзенінің бойынан орыстар Ақмола бекінісін салып, жергілікті халықты ығыстырған соң Ерденнің Ұлытау өңіріне қоныс аударуына байланысты болған. Ерден ешқандай хабар-жариясыз Қадір би елінің жеріне келіп Жауғашты қонысына орналасқан.

Барша жұрттың татулығы мен бірлігін жоғары санаған Қадір би Жауғашты жұртының наразылығын тудырмай қиын шешімге

Жандәулет қарсы болған көрінеді. Сонда: «Бұл Хасен өзендерінің Барлыбай хандарының батасын алған Сандыбай батырдың ұрпағы емес пе?» дегенде: «Жарайды, онда болса болсын, бірақ шүберегін желбіретіп бізге жақындамайтын болсын» деген екен. Жандәулеттің осы сөздері біраз нәрсені аңғартатын сияқты.

Осы «Төрт босаға» туралы бізге жеткен әңгімелердің бірінде сырт жаулардың мазалауы басылып, тыныштықтан ерікпен жастар ел арасында барымташылық өнерін

нында, байырғы Бағаналы жұрты жайлаған Ұлытау өңіріне Жоңғарлар да таяна алмаған, қанша әрекеттесе де, қоқандықтар да кіре алмаған. Бұл басшылардың әрі көреген, әрі шебер жүргізген әрекеттерінің нәтижесі деп білеміз.

Қазақтың соңғы ханы Кеңесары орыс патшасымен 10 жыл айқасқанда оған қазақ руларының көпшілігі көмектескені белгілі, тек Бағаналы жұртынан оған қарулы қолмен көмек көрсетілмеген. Бұл туралы жеткен әңгіме бойынша Кеңесары Қадір биге келіп көмек сұрағанда, оған «Кезінде Кетбұқа батырдың соңынан еріп Араб елдеріне дейін барып, көптеген қиындықтарға ұшырап, өз жұртына зорға қайтқаны белгілі. Мен елімді тағы да сондай күйзеліске ұшыратуға бармаймын, егер барам деушілер болса, оларды тоқтатпаймын, ал басқаларына бар деп айтпаймын» деп жауап берген екен.

Шоқан Уәлиханов пен Ерден соңғы аға сұлтан сайлауына түсіп бәсекелесуінде Қадір бидің де ықпалы болған. Шыңғыс тұқымынан билік еткендердің бәрінің халыққа мейірімсіз қатал болғандарын білетін Қадір би Ерденнің аға сұлтан болғанын қалап, ел арасында осыған сәйкес істер атқарған. Шоқанның сайлауына патша губернаторы да қолдаған, осы әрекеттердің салдарынан аға сұлтан болып Ерден сайланған.

Бізге жеткен тағы бір әңгімеде патша губернаторы, Қадір биден көмек сұраған. Сол кезде Арғын мен Қыпшақ елдерінде патшаға қарсы қобалжулар басталғанын сезген губернатор осы әрекеттерін басуды Қадір биден сұраған.

Қадір бидің ел басқарудағы орнының маңызды болғандығының бір дәлелі оның Ресей патшасы II Николайдың (за заслуги) алтын орденімен, Анна лентасымен 1840 жылы марапатталғаны туралы мәліметтер архивтен табылып отыр.

Осы жоғарыда келтірілген мәліметтер Қадір бидің көрнекті басшы болып, елдің бірлігі мен тыныштығын орнатқан қайраткер болғандығын сипаттайды.

Қазіргі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жарияланған кезге сай еліміздің тарихында орын алған «Төрт босаға» атанған бабаларымыздың қазіргі ұрпақтың өсінде сақталуы бағытында шаралардың іске асырылуы сұранып тұрған сияқты. Осы мақсатта 65 жылдығын тойлап отырған Жезқазған қаласының төрт ықшамауданына осы басшылардың есімдерін беруді ретті деп ойлаймыз. Атап айтқанда, 6-ықшамауданға Қадір би ықшамауданы, 4-ықшамауданға Шегір би ықшамауданы, 3-ықшамауданға Бабыр би ықшамауданы, 2-ықшамауданға Сандыбай батыр ықшамауданы деген аттардың берілуін ұсынамын.

Осы шараларды көптеп қолдап, іске асырсақ бабаларымыздың алдындағы ұрпақтар міндетін атқарғанымыз болар еді.

Сұлтан СҮТБАЕВ,
ҚР Құрметті геологы,
Шет ауданының Құрметті азаматы

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

АЛАШАХАН БОЙЫНДА – АЛА-ҚҰЛА ЖАРНАМА

Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңының 3-бабында жарнама ұғымы былайша түсіндіріледі: «Жарнама – кез келген құралдардың көмегімен кез келген нысанда таратылатын және (немесе) орналастырылатын, белгілі бір адамдар тобына арналмаған және жеке немесе заңды тұлғаға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге ықпал ететін ақпарат». Қош дәлік. Ал осы заң бабының «белгілі бір адамдар тобына арналмаған» деген ескертуіне қарап, жарнама жалпы халыққа қызмет етеді. Демек, оның көпшілік назарына ұсынылатындығын ескере отырып, жарнаманың дұрыс жасалуы, мазмұны мен безендірілуі эстетикалық талапқа сай болмағы – басты талап. Ал жарнаманың тілбұзарлық әрекетіне де жол берілмеу керек. Нақтырақ айтсақ, жарнаманың жасалуы, орналастырылуы, жарнама тілінің заң талаптарына сай болуы ерекше ескерілуі қажет. Жарнамада мемлекеттік тіл қуаты айқын сезіліп тұру керек, әрі жарнаманың мазмұндық жағынан болсын, мәтіндік жағынан болсын сауатты жазылуы шарт. Ал алаңдар мен көше бойына, сауда нүктелері алдында тұрған жарнамалардың барлығы осы үддеден шыға ма?



1-сурет



2-сурет

«Қаламыздың басты көшелерінің бірі ғой, ондағы түрлі жарнамалардың жағдайы қандай екен?» деген оймен Алашахан даңғылының бойын аралап өттік.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін жарнамалардағы жаңа батар қателіктердің бірнешеуін мысал ете кетейік.

Жұрт қарасы көп, арлы-берлі өтетін адамдар да жетерлік жерде орналасқан мына жарнамалардан мемлекеттік тілдегі сөзді емге таба алмайсыз (1, 2-суреттер). Ал, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы не дей-

ді? Осы Заңның 21-бабында: «Бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, прејскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады», – деп ал-ай-қын көрсетілген. Ал мына жарнама Заңында да, талабында да пысықрап қарайтын түрі жоқ. Жарнама иесі не Занды білмейді, не мемлекеттік тілге деген пейілі түзу емес. Басқа қалай түсіндіруге болады? Мына кафе (3-сурет) Алашахан даңғылы-

ның бас жағында орналасқан. Қаланың екі үлкен көшесінің қиылысар тұсы. Қала өкімдігі ғимаратынан таяқ тастам жерде. Жанында – автобус аялдамасы. Әрлі-берлі өтіп жатқан адамдардың да қарасы көп. Мына шағын кафенің маңдайшасы қызметін атқарып тұрған жарнамалық жазу көптің көзіне бірден түседі. Мұнда қандай қателік бар дейтін шығарсыз?

Бұл көрнекі ақпаратта Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының осы 21-бабында: «Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен мемлекеттік тілде – сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады», – деп нақтыланған Заңның талабы бұзылып тұрғанын аңғару қиын емес.

Мынау – Алашахан даңғылының аяқталар тұсында «мен мұнда лап» тұрған жарнама (4-сурет). Қазақ тілінде жазылған бір сөз таппайсыз. Баннерді жасатып, ілдіргендер еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі, оның мәртебесі заңмен қорғалатындығынан бейхабар деп айтуға аузың бармайды, ал жүргіші мен жүргізушінің назарын бірден өзіне аударатын жарнаманың түрі мынадай.

Ал, мына бір жарнама Алашахан даңғылының орта тұсында орналасқан (5-сурет). Бір қараған жаңа бәрі талапқа сай. Қажетті деген ақпараттар тиісінше орналастырылған. Қазақ тілінде және орыс тіліндегі жазбалар заң талабына сай. Бізді қынжылтқан бір-ақ жайт. «ARZAN ZHEZKAZGAN» деп баннер ортасына орналастырылған жарнама-сөз кез келген жезқазғандықтың намысына тиері хақ. Әрине, бұл тіркестің Жезқазғанда үй жабдықтары арзан бағамен сатылады деген ойды білдіріп тұрғанын біз де түсінеміз. Алайда, адам ойын екіұштылыққа жетелейтін осы бір сәтсіз тіркестен гөрі «сөзді ойнатудың» басқа бір тиімді жолын табуға болатын еді. Ал мына қолданыс жарнамаға жан бітіріп тұрған жоқ, керісінше, Жезқазғанын «жұмақ қалам» деп жүрген жандардың намысына тиіп тұр.

Біз Алашахан даңғылының бойымен жүріп өткенде осы тақылеттес «қауы бар» 21 жарнама көрдік. Байқап қалған бірді-екілі қателерді көрсетіп, жарнама иесінің намысына тиетіндей пейіл ұстанып отырған жоқпыз. Керісінше, жарнамасына жауапсыздықпен қарап, мемлекеттік тіл деген мәртебесі бар қазақ тіліне қалай болса, солай қараған жарнама иесіне: «Жерлес, Сіз менің намысыма тиіп отырсыз» деген пікірімізді жеткізіміз келеді.

Айта кетейік, қойылмайтын жерге «сызықша» не «үтір» қою, қате аудармаларды сол күйінде пайдалана салу, жарнама мәтініне мән бермеушілік біздің де «созылмаң» дертіміз болып тұр. Ал осындай кемшіліктердің қаламыздың басты көшесінен байқалып жатқаны жаңа батады екен.

Фазиз ЕШТАНАЕВ,
«Тілан» оқу-әдістемелік орталығының директоры



3-сурет



4-сурет



5-сурет



ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

(Жезқазған уақыты бойынша)

	Апта күні	Таң	Күн	Бесін	Екінті	Шам	Құптан
1	Сәрсенбі	07:44	09:15	13:35	16:05	17:50	19:21
2	Бейсенбі	07:44	09:15	13:36	16:06	17:51	19:22
3	Жұма	07:44	09:15	13:36	16:07	17:52	19:23
4	Сенбі	07:44	09:15	13:37	16:08	17:53	19:24
5	Жексенбі	07:44	09:15	13:37	16:09	17:54	19:25
6	Дүйсенбі	07:44	09:15	13:38	16:10	17:55	19:26
7	Сейсенбі	07:44	09:14	13:38	16:11	17:56	19:27
8	Сәрсенбі	07:44	09:14	13:39	16:13	17:57	19:28
9	Бейсенбі	07:44	09:14	13:39	16:14	17:59	19:29
10	Жұма	07:43	09:13	13:39	16:15	18:00	19:30
11	Сенбі	07:43	09:13	13:40	16:16	18:01	19:31
12	Жексенбі	07:43	09:13	13:40	16:17	18:02	19:32
13	Дүйсенбі	07:43	09:12	13:41	16:19	18:04	19:33
14	Сейсенбі	07:42	09:12	13:41	16:20	18:05	19:34
15	Сәрсенбі	07:42	09:11	13:41	16:21	18:06	19:35
16	Бейсенбі	07:41	09:10	13:42	16:23	18:08	19:37
17	Жұма	07:41	09:10	13:42	16:24	18:09	19:38
18	Сенбі	07:40	09:09	13:42	16:25	18:10	19:39
19	Жексенбі	07:40	09:08	13:43	16:27	18:12	19:40
20	Дүйсенбі	07:39	09:07	13:43	16:28	18:13	19:41
21	Сейсенбі	07:38	09:06	13:43	16:30	18:15	19:43
22	Сәрсенбі	07:38	09:05	13:44	16:31	18:16	19:44
23	Бейсенбі	07:37	09:05	13:44	16:32	18:18	19:45
24	Жұма	07:36	09:04	13:44	16:34	18:19	19:46
25	Сенбі	07:36	09:03	13:44	16:35	18:21	19:48
26	Жексенбі	07:35	09:01	13:45	16:37	18:22	19:49
27	Дүйсенбі	07:34	09:00	13:45	16:38	18:24	19:50
28	Сейсенбі	07:33	08:59	13:45	16:40	18:25	19:52
29	Сәрсенбі	07:32	08:58	13:45	16:41	18:27	19:53
30	Бейсенбі	07:31	08:57	13:45	16:43	18:29	19:54
31	Жұма	07:30	08:56	13:46	16:44	18:30	19:56

Жезқазған аймақтық

Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.



Қазіргі таңда әйел өзін кез-келген қоғамда еркін сезіне алады. Ислам әйелге жақсы қарауды бұйырудан бөлек, оған күнделікті қажетті өмірлік мұқтаждықтарын қамтамасыз ету, екеден қалған мирас нәсібесін беру, кез-келген отбасылық жағдайда ақылдасу, кеңесу секілді мәселелердің түйінін ашып берген.

Қазіргі таңда қазақ шаңырағында Исламға бет бұрған кейбір теріс ұстанымдағы жастар қоғамдағы қыз-келіншектерге деген құрмет пен илтипат қасиеттерін жоғалтып жатқан секілді. Олар отбасын құрып болғасын әйеліне қаталдық танытып, түрлі дүниелік нәрселерден тыйып, ниқабпен бетін бүркеп, қоғамдық орындарға шығармай үйде оқшаулап ұстау әрекеттері белең алуға. Осындай мәселелер қоғамның Исламға деген көзқарасын теріс ағынға бұрып қана қоймай, қыз-келіншектердің тағдырын өбгірге салуда. Бұның барлығы Ислам дінін жеткілікті дәрежеде бойлап білмегендіктен туындайтын дүние. Ендеше, тақырыпқа арқау болған «ниқаб» мәселесіне діни тұрғыда талдау жасайық.

«Ниқаб» сөзі араб тіліндегі терминдік мағынада «жамылғы» дегенді білдіреді. Қазіргі таңда араб елдерінде ниқаб – барлық денені тіпті, жүз бен қолды да жабатын киім ретінде киеді. Бұған қоса ниқабты уәжіп (міндетті) амал ретінде де дінге енгізгендер жоқ емес. Осындай көзқарастың салдарынан бүгінде қазақ қоғамында да кейбір қыз-келіншектер бет-жүздерін бүркеп, ниқабтың уәжіп амал екенін алға тартатындардың саны артады.

Әсілінде, ниқаб киімі қасиетті Құранда уәжіп амалы ретінде ескерілмеген. Бұған қоса ешбір басқа да діни деректерде оның уәжіп екені нақты айтылмаған. Олай болса оның Исламдағы үкіміне, әлемге белгілі ғалымдардың көзқарастарына тоқталып кетелік. Ол үшін алдымен мына бір аятқа әр салып көрейік: **«Әй адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ, бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар мен руларға бөлдік. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың»** [49-13].

Аяттың мазмұнына қарар болсақ біздер әр түрлі жыныстар әрі бір-бірімізді тану үшін әр түрлі ұлттардан жаратылғанымыз белгілі. Демек, адам бір-бірін тану үшін алдымен жүзәдесін, сөйлеседі. Ал егер қыз-келіншектерге ниқаб киімі міндетті болса онда олармен біз қалай танысамыз? Олардың жүздерін қалай көре аламыз? Сондықтан аятта айтылғандай Алланың алдында ең ардақты пенде ол – тақуа адам. Алла біздің жүзімізге емес, жүрегімізге қарайтын естен шығармау керек. Бұл туралы ардақты пайғамбар (с.а.у.): «Ал-

ла Тағала сендердің бет-әлпеттерің мен дүниелеріңе емес, жүректерің мен амалдарыңа қарайды», деген.

Сонымен қатар ниқабты міндет санайтындар Алланың мына аятын дәлел ретінде келтіреді: «Егер Пайғамбардың (с.а.у) жұбайларынан бір нәрсе сұрасандар, далданың (жабынғының) артынан сұраңдар. Бұл сендердің және олардың жүректерің тазалығын білдіреді».

Егер аятқа зер салар болсақ оның мазмұнында тек пайғамбардың (с.а.у) әйелдеріне қатысты айтылғандығын аңғаруға болады. Ислам ғұламалары да бұл аяттың мазмұны барлық әйелдерге айтылмағанын алға тартқан.

Мәселен, әлемге белгілі әл-Азхар университетінің шейіх Ахмет Тайб ниқабқа байланысты былай деген: «Қазіргі таңда Ислам әлемінде киімнің үлгісіне байланысты талас-тартыстар жиілеп кетті. Өкінішке орай, мұндай тартыстардың негізгі мақсаты шариги дұрыс үкімді алып шығу емес, керісінше, әркім өз көзқарасын алға тартып, өзгеден басым түсу маңыздылығы рөл ойнауда. Ниқаб мәселесін шешудің жолы өте оңай және ол үшін дау-дамай туызуудың өсте қажетті жоқ. Біріншіден, ниқаб шариги тұрғыда парыз да, сүннет те емес. Бірақ, ол мақрух амалдарына да жатпайды. Ислам шаригатында мұндай мәселеде белгілі бір шарттар болады. Олар: парыз, сүннет, уәжіп және мандуб (жасауға ұсынылатын амалдар) болуы керек. Егер осы аталған шарттарға кіретін қандай да бір амал жүзеге аспаса, онда оның белгілі бір дәрежеде күнәсі, не есебі болады. Ал ниқаб мәселесі бұл шарттарға кірмейді. Яғни, оны кию адамды ешбір сауапқа көнелдірмейді. Сондықтан ниқаб киімі ешқандай парыз, сүннет амалдарынан емес. Кімде кім ниқаб кесе ол шариги киім үлгісін киіп жүрмін деп айтуға болмайды».

Сондай-ақ, аталмыш университеттің бұрынғы шейіхі Мұхаммед Сәид Тантауи (1928-2010ж.ж.) 2009 жылы әл-Азхар ұйымдастыруымен өткен форумда былай деген:

«Ислам ғұламалары қыз-келіншектердің жүзін әурет емес деп бір ауыздан келіскен. Бұған қоса әйел адам жұп мен қолын ашып жүруге болатындығы жайлы белдеді 13 тапсірші ғалымдар үкімі шығараған. Сондықтан ниқаб кию ол асырасілтеушілік көрінісінен ал хижаб байсалдылық көрінісінен болып табылады».

Осы форумнан кейін Шейх Сәид Тантауи университеттің тәртіп жүйесін қайта қарап, университет қабырғасында әсіресе, емтихан уақыттарында ер кісілер жоқ жерлерде әйелдерге ниқаб киюге тыйым салған екен.

Сонымен қатар Мысырдың экс-мұфті Шейх Али Жұма:

«Ниқаб шариги тұрғыда уәжіп амалдардан емес.

НИҚАБ КИЮ МІНДЕТ ПЕ, ІНДЕТ ПЕ?

Мұсылман қыз-келіншектер беттері мен қолдарын ашып жүруге толықтай болады. Бұл жайында Ханафи, Малики және Шафи мазхабтары рұқсат берген», – деген.

Бұған қоса Мысырдың Уақф министрі Махмуд Хамд өз сөзінде: «Ниқаб – құлшылық емес, едет-ғұрып болып саналады. Бұл жайында министрлік тарапынан ондаған еңбектер жазғаныз», – деген.

Ниқаб киімі пайғамбар (с.а.у.) заманында болмағандығына мына хадис дәлел бола алады. Жабир ибн Абдулладан келген риуаят бойынша ардақты пайғамбар (с.а.у.) әйелдерге қарап: «Көп садақа берілген, себебі, мен сендерді тозақта көрдім», – деді. Сонда әйелдер қауымынан бір қара жүзді әйел тұрып оның себебін сұраған екен. Хадистің мазмұнында белгілі болғандай егер пайғамбар (с.а.у.) заманында әйелден ниқаб киген болса, сахабалар әлгі сұраушы әйелдің қара түсті екенін қайдан білген? Демек, ол уақытта ешкім қарамен бүркенбеген болуы әбден мүмкін.

Бұған қоса сәлемізін бағытының көрнекті өкілі Нар ад-Дин Әлбани өзінің «Жилбаб марат ул муслима» (جلباب المرأة المسلمة) атты еңбегінің 6-бетінде ниқабты кию міндетті еместігін алға тартқан.

Мәселен, аталмыш кітаптың мазмұнында: «Ниқаб киімін асырасілтеуші мұсылмандар міндетті деп алға тартуда. (Қасиетті Құранда келген) «Химар» сөзі бетті емес шашты жабууды айтады. Сондықтан әйелдің бетін әурет қатарына қосқан ғалымдардың көзқарасы дұрыс емес. Бұл жайында Ибн Хұйбра әл-Ханбали өзінің «Ифсах» кітабында жазып кеткен» делінген.

Сайып келе, қыз-келіншектер өмірге келгеннен кейін оларды қоғамнан оқшаулап, бүркеп, қоғамдық орындарға шығудан тыйып, ешкіммен арадастырмай, үйде қамап ұстау – адым тұрғыдан қарағанда, теріс құбылыс.

Егер қыз-келіншектер Аллаға жақындауды қаласа одап бетті бүркеуден гөрі барынша игі істермен айналысып, сыпайы болуы талап етіледі. Сондықтан Алланың алдында тазалық бетті жабумен еспетелмейді. Алла Тағала келесі бір аяттында:

«Әй адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәндік-бұйым түсірді. Негізінде осылардың ішінде тақуалық киімі абзал болды. Әрине түсінерсіңдер, бұлар — Алланың белгілері» делінген.

Аятқа байланысты Ибн Жарир ат-Табаридің тегісіне былай делінген: «Аяттағы «тақуалық киім» дегенімізге мұсылманның бойындығы иманы, Алладан қорқып, ізгі амалдары жатады». Сол үшін қазақ қоғамына, дүниетанымына жат, одан қалса Исламда міндеттелмеген киім үлгілерін дәріптеп, онымен қоғамда теріс көзқарастың қалыптасуына себепкер болып, ондай жаңсақ пікірдің ортаға түсуінен барынша сақ болған екен. Себебі, мұсылман Ислам үлгі етіп көрсеткен жолмен жүріп, барынша бүлікпін алдын алуға тырысуы керек. Бұл жайында ардақты пайғамбар (с.а.у.): «Шынайы мұсылман ол біреуге қолымен де, тілімен де зияны тимеген» деген хадисті естен шығармаған жөн ағайын.

Дереккөз: Kazislam.kz

ОҚЫРМАН ЛЕБІЗІ



Баспасөзді төртінші билікке теңеу бекерден бекер еместігін уақыт көрсетті. Дәлелдеді деген дұрыс болар. Бүгінде халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған бұқаралық ақпарат құралдары ішіндегі газеттің орны өрек. Газет қай кезеңде болмасын сенімді әрі нақты ақпар ұсынып, оқырман қауымды адастырудан аулақ. Міне, сондықтан біздің буын ғаламтор дегенге сеніксіремей, газет оқуға құмар. Өйткені, интернетте ақпарат көп, оның қайсысы шынайы, қайсысы жалған екенін ажыратудың өзі қиын. Одан бөлек, оқыған дүниенді қайта қарайын десен, таппайсың. Қолыңмен ұстап, қажетті тұсын сызып оқуға болатын басылымдардың ішінде Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпараттық айнасына айналған «Saryarqa» газетіне деген көңіліміз, пейіліміз бөлек.

Өзіміз «Saryarqa» газетінің тұрақты оқырманы деп таныстырсам да болады. Жыл сайын газетке үзілмей жазылып, аймақтың тыныс-тіршілігінен хабардар болып отырамын. Қазір басылым аймақты ғана емес, облыс пен Үкіметте болып жатқан өзгерістерді де кеңінен қамтитыны қуантады. Сонымен



Бүгінгідей материалдық игіліктер алдыңғы орынға шығып, көп нәрсе көк қағазбен шешілетін жағдайға жеткен біздің заманымызда рухани құндылықтарымызды төрге оздыратын бірден-бір күш саналатын журналистика саласы екені сөзсіз. Соның ішінде, ақты – ақ, қараны – қара, барды – бар, жоқты – жоқ деп дәлме-дәл тұжырым жасайтын баспасөздің, яғни, газеттердің орны ерекше.

Мен өзім мәдениет саласының өкілі ретінде елімізде, оның ішінде қаламызда орын алып жатқан түрлі мәдени-танымдық іс-шараларға жиі қатысамын, осы саламен байланысты кез келген

СЕНІМДІ СЕРІГІМ

бірге, еліміздің қасиетті жерлерін таныстырып, насихаттауды, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандыру мен төл тарихымызды түгелдеуді өзіне мақсат еткені байқалады. Еліміздің даму жолында аянбай еңбек еткен тұлғалардың өмірін көлер ұрпаққа үлгі етуі де құптарлық іс. Сонымен бірге, қоғамда орын алған жағдайларға байланысты егжей-тегжейлі түсініктеме беріп, оқырманын алаңдатқан мәселелерді көтерудің жауапты мекеме басшыларына жеткізуден талмайтынына разымыз.

«Имандылық иірімдері» атты айдармен берілетін мақалалар легі бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбын қозғайтынын айтпай кетпеске тағы болмас. Жастарды дұрыс жолдан таймай, өзгенің шалыс басқан қадамынан сабақ алу үнейтін сүйекті жазбаларды немерелерге оқып беруді де жөн көреміз. Осы ретте редакция ұжымына алғыс білдіре отырып, жас толқынның ұлттық таным көкжиегін кеңейтетін аңыз-өңгімелер жиі жарияланып тұрса деген тілегім бар.

Кәден ҚОЖЫРБАЕВ, еңбек ардагері

ІЗДЕНІС ҮСТІНДЕ

жаңалықты зор ықылас-ынтамен оқимын. Осындай көз келген оқиғаға белсене араласып, басы-қасында жүретін Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің тілшілерінің еңбегі мақтауға тұрарлық. Қазақтың иісі аңқып, ұлтымыздың ұлағатын паш ете, мерейімізді асырған қазақтұлды «Saryarqa» газетін барша елжанды, көзі ашық, көкірегі ояу аймақ жұртшылығы сүйіп оқитынына, газеттің әр санын асыға күтетініне күмәнім жоқ. Саясат, мәдениет, білім, денсаулық, спорт, өндіріспен қатар, руханият, дін салаларына да қалам тербеген «Saryarqa» газеті тұрғындарымызды рухани тұрғыда азықтандыруда.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзден соң босағамызды босатқалы отырған 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауы негізінде аймақ газеттерінен ерекше «Saryarqa» газетіне

де «Жастар» беті пайда болып, әр түрлі кәсіпте жетістікке жетіп, көпке үлгі болған жұрт назарынан тасада, өз бетінше еңбектеніп, қала дамуына үлестерін қосып жатқан жастар жезқазғандықтарға таныстырылды.

Қала әкімі Қайрат Бегімовтің қызметке келуімен Жезқазған жаңа кейлікке өнді. Қаламызда көз құнарлық түрлі іс-шаралар, оқиғалар, жаңа жұмыстар өркен жайды. Жаңа гимараттар бой көтеруде. Облыс әкімі де бірнеше істер қаламызға атбасын тіреп, аймақ ахуалымен танысты. Міне, бұл жаңа-

лықтармен кез келген газет оқытын адам біліп, танысып отырады. Жалпы газет оқытын адамның маңдайындағы көзі ғана емес, көкірек көзі де ашық болады. Газет екінің бірінде кездеспейтін, ерекше жан жылытар, көңіл қуантар, дара, биік ішкі мәдениетті қалыптастырады. Демек, ондай адам өзгелерден оқ бойы озық тұрады.

«Saryarqa» қоғамның әр түрлі салаларына сараптама жасап, тек қана қала, аймақ жаңалықтарынан бөлек, Қарағанды облыстық, жалпы қазақстандық жаңалықтармен дер кезінде хабарландырады. Ақпарат кеңістігі түбі терең, ұшы-қыры жоқ, шексіздікке құрылған. Міне осынау шексіздік шеңберінде еркін құлаш сермеп, аймақ арасында ғана емес, республикалық басылымдар арасында өзіндік орны өрек «Saryarqa» газетімен барша жерлеріміз мақтанары хақ. «Saryarqa» газетінің бетке алған бағыты тура деп білемін. Осы беттеріңізден таймаңыздар. Алға ұртылып, тұрғындарымызды жағымды жаңалықтарыңызбен қуантып жүре беріңіздер. Музыкант әсем сазды өзгендерімен, суретші көркем жанды суреттерімен адам жанына азық сыйласа, қаламсалты жан жолдасы етіп, жиырма төрт сағат ел мен жерді аралап, халық мұқтажын жоғары жақтағаларға жеткізіп, билік пен халық арасындағы негізгі көпірге айналған газет ұжымы үлкен құрметке ие. Сөз құдіретін тереңінен ұғынып, шөпкеріген жұртшылықтың шөлін қандыра «Saryarqa» газетінің оқырмандары ақта берсін дей отырып, еселі еңбектеріңізге алғысымды білдіремін.

Береке КӨШЕНОВ, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ЖАНАШЫР

Теректі – кие қонып, бақ дарыған қасиетті өлке. Бұл далада қиянға салса қанаты талмайтың, қияға тартсаң тұяғы талмайтын менің келесі кейпкерім дүние есігін ашқан екен. Бекзат болмыс пен тектілік адамды қашан да биік көрсетеді дейді білетіндер. Бітіктігі де, төреңдігі де, кеңдігі де, дархандығы да бір басынан табылатын Бекзат Сейтжанұлы ҮМБЕТОВ жайлы жазудың өзі үлкен мәртебе.

Себебі жақсылар жайлы қалам тербеу жүрекке қуаныш нұрын себеді. Жақсылыққа жаны құмар жанның туған өлкесіне сый тарту ретінде Ұлы Желістің 70 жылдық мерейтойында Теректіге кіреберістегі атауы жазылған белгі орнатқанынан-ақ ауылына деген құрмет мен махаббатын байқауға болады. Рухани құндылықтар мен өнерді бағалайтын жан өңірімізге танымал публицист-жазушы Әбілқасен Әмірәлинін шығармашылығына қолдау көрсетсе, он өнерінің «Жезкігі» Жақсылық Сөйловтің мерейтойына арналған іс-шаралардың басы-қасында болып, қаржылай демеу

көрсеткен. Ал жуырда гана қазақ айттыс өнерінің «Дәридейі» атанған айтыскер ақын Мұқаш Сейтқазиновты арнайы ауылына шақырып, әулиелі жерлерді аралатып, қазақ дәстүрмен астына ат мінгізіп, құрметін көрсетті. Ақының ардақтауда да осы ағадан үйренеміз көп.

«Тарихын білмеген елдің болашағы да бұлыңғыр болады» деген мақсатты ұстанған Бекзат аға – Жезқазған университетінің тарих факультетін тәмәмдап, алғаш еңбек жолын педагогикалық училищеде оқытушы болып бастаған білікті ұстаз. Он саусағынан өнер тамған ол кәсіптік білім алу мақсатында №6 училищеде электрмен

дәнекерлеуші мамандығын оқып, қазіргі таңда «Қазақ» корпорациясына қарасты «Жомарт» кешінінде ұзақ жыл мамандығы бойынша қызмет атқаруда. Қарапайым жұмыс атқарса да көпбалалы отбасылар мен ауыл ардагерлеріне мысты шаһардың бас басылымы «Saryarqa» газетіне жазылуға қол ұшын беріп келеді. Жасал жатқан игілікті істері үшін қала әкімінің Құрмет грамотасымен және өңір бойынша өткен «Жомарт жүрек» байқауында арнайы аталыма ие болған.

Өнегелі де ардақты жан – үлгілі, мерейлі отбасылардың қатарынан Құдай қосқан жары – Ботақөз Бо-



станова екеуі тату-тәтті өмір сүріп, балаларының бақытын тілеп жүрген берекелі шаңырақтардың бірі.

Осындай үлгі тұтатын ағалар қатары көбіше берсе деген тілегім бар. Себебі, ал-

дымыздағы толқын

QAZAQSTAN
06:05 «Kóñil tolyǵy», 06:25 «Másele», 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «Мұлазы өлке», 13:30 «Алдар Көсе», 14:00 AQPARAT, 14:10 «Ғазиз жүрек», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «Arta», 16:45 «Balauy Kóñil...», 17:00 AQPARAT, 17:15 «Жұлдызды Жаңа жыл», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 AQPARAT, 20:35 «ASHYQ ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «ҒАЗИЗ ЖҮРЕК», 23:25 «Жұлдызды Жаңа жыл», 00:15 «Niет», 01:45 «Másele», 02:20 «Kóñil tolyǵy».

ХАБАР
06:00 «Клео – забавный шенок», 07:30 «Таңғы хабар», 10:00 «Әнші балапан», 11:30 «Сказание о Сельме», 12:00 «Семьянин», 14:10 «Ирония судьбы, или С легким паром!», 17:15 «Жаңажылдық кездесу», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:00 Жаңажылдық топтама, 21:00 Итоги дня, 21:30 «Семьянин», 23:40 «Футбол федерациясының марапаттау рәсімі», 01:00 «Тереғали Төреәлі».

QAZAQSTAN
06:05 «Жұлдызды Жаңа жыл», 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Сұлу мен құбыжық», 11:30 «ШАНШАР - 25», 14:45 «КЕЛПН, САҒАН АЙТАМЫН...2», 16:30 «ДИМАШ», 17:30 ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕННИҢ НЬЮ-ЙОРКТЕГІ КОНЦЕРТІ, 20:00 «AZIL ALEM», 22:00 «ЖАП-ЖАҚСЫ ЖАҢА ЖЫЛ - 2020», 23:50 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ 00:00 «ЖАП-ЖАҚСЫ ЖАҢА ЖЫЛ - 2020», 03:00 «Басты арнадағы жаңа жыл».

ХАБАР
06:00 «Клео – забавный шенок», 07:30 «Таңғы хабар», 10:00 «Әнші балапан», 11:30 «Сказание о Сельме», 12:00 «Семьянин», 14:10 «Ирония судьбы, или С легким паром!», 17:15 «Жаңажылдық кездесу», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:00 Төрлет, TORESH! Жаңажылдық кеш, 21:00 Итоги дня, 21:30 «Жұлдызды жаңа жыл 2020», 23:55 Қазақстан Республикасының Президентінің құттықтауы, 00:00 «Жұлдызды жаңа жыл 2020», 01:45 «Джентльмены удачи», 03:25 «Ирония судьбы. Продолжение».

АСТАНА

ЖАҢА ЖЫЛДАРҒЫЗБЕН!
06:05 «Сыңғырлаған сиқырлар», 07:45 «Келің саған айтамын...2», 09:30 «Күлше қыз», 11:00 ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ, 11:30 «ДИМАШ», Арнайы жоба 12:20 «Жап-жақсы Жаңа жыл - 2020», 16:00 «Azil álem», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 19:00 Димаш Құдайбергннің Нью-Йорктегі концерті, 21:00 «Жыл Әні», 01:00 «Сәлем, жаңа жыл».

ХАБАР
06:00 «Мерекелік қарбалас», 10:30 «Сказание о Сельме», 11:05 «Джентльмены удачи», 12:50 «Жұлдызды жаңа жыл 2020», 16:10 «Ирония судьбы. Продолжение», 18:20 «Оз: Великий и Ужасный», 20:40 «Қызық премия», 23:10 «Я люблю тебя», 00:45 «Қызық times».

АСТАНА

06:00 «Алдараспан», 08:30 «Иван Васильевич
--

QAZAQSTAN
06:05 «Qyzuq eken...», 06:55 «Kóñil tolyǵy», 08:00 «Тақиялы періште», 09:30 «Құйыршық», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 11:00 «Супер отбасы», 12:30 «Жыл әні», 16:30 «Бақыт деген...», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 «Үй алып келетін күш алып», 20:30 «Ән мен әнші», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «ҒАЗИЗ ЖҮРЕК», 23:25 «Өмірдің өзі кино», 01:05 «Nur Tileý», 01:40 «Niет», 03:10 «Kóñil tolyǵy».

ХАБАР
06:00 «Берекелі жаңа жыл», 10:30 «Сказание о Сельме», 11:00 «Морозко», 11:25 Жаңажылдық топтама, 13:40 «Любовь-Морковь», 15:40 «Любовь-Морковь 2», 17:40 «Армандар орындалады», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:00 Жаңажылдық топтама, 21:00 Итоги дня, 21:30 Азия & Бақай «Опмай-опмай», 23:10 «Қызық times», 00:20 «Пазлы счастья».

АСТАНА

QAZAQSTAN
06:05 «Qyzuq eken...», 06:55 «Kóñil tolyǵy», 08:00 «Біздің сүйікті дәрігері», 09:30 «Құйыршық», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «СУПЕР ОТБАСЫ - 2», 13:55 «Ұлы дала баласы», 15:00 «АЛТЫН ДОМБЫРА», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 «ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ», 20:30 «Ән мен әнші», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «ҒАЗИЗ ЖҮРЕК», 23:25 «Ең сұлу», 00:55 «Niет», 02:25 «Ауылдастар», 02:55 «Kóñil tolyǵy».

ХАБАР
06:00 «Берекелі жаңа жыл», 10:30 «Сказание о Сельме», 11:00 «Снежная королева», 12:25 «Король Лев», 14:00 «Любовь-Морковь 3», 16:00 «Полешевтер», 17:10 Концерт, 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:00 Жаңажылдық топтама, 21:00 Итоги дня, 21:30 «Кодекс вора», 23:40 «Жаңажылдық кездесу».

QAZAQSTAN
06:05 «Qyzuq eken...», 07:00 «Сәлем, Қазақстан!», 09:00 «Қазақфильм», 09:35 «Бір күн», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «Аңдар шаһары», 13:35 «Ең сұлу», 15:00 «АЛТЫН ДОМБЫРА», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 19:00 «Azil álem», 21:00 «QAZAQ MUSIC AWARDS», 23:30 «Потеря», 01:05 «Ауылдастар», 01:35 «Nur Tileý», 02:10 «Бір күн», 02:55 «Kóñil tolyǵy».

ХАБАР
06:00 «Тамаша», 07:45 Концерт, 10:30 «Сказание о Сельме», 11:15 «Золушка 2: Мечты сбываются», 12:30 «Король Лев 2: Гордость Симбы», 14:00 «Өлшеулі өмір», 16:30 «Келинка тоже человек», 18:15 «Келинка тоже человек-2», 20:00 «Қызық премия», 20:20 22:30 «Неприказамье», 00:30 «ЖЖК корпоратив».

АСТАНА

QAZAQSTAN
06:05 «Qyzuq eken...», 07:00 «Сәлем, Қазақстан!», 09:00 «Алдар Көсе», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 11:00 «Рапунцель», 12:30 «Ана қадір», 14:00 «АЛТЫН ДОМБЫРА», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 «Шаншар-25», 22:30 «СЫН САҒАТ», 00:10 «Dara jol», 01:00 «Ауылдастар», 01:30 «Бір күн», 01:55 «Сәлем, Қазақстан!».

ХАБАР
06:00 «Тамаша», 07:45 «Өлшеулі өмір», 10:30 «Сказание о Сельме», 11:15 «Золушка 3: Злые чары», 12:30 «Король Лев 3: Акуна Матата», 14:00 «Иван Васильевич меняет профессию», 15:45 «Төрлет, TORESH!», 17:00 «ЖЖК корпоратив», 19:20 Азия & Бақай «Опмай-опмай», 21:00 «Қрасотка», 23:15 Концерт, 01:30 Жаңажылдық топтама.

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл», 07:00 «Үздік әзілдер».

АСТАНА
06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Үздік әзілдер», 08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Тайлақтың тақиясы», 12:40 «Ирония судьбы, или С легким паром!», 17:20 «Жап-жаңа жыл», 21:00 «Қара ниет», 22:00 «Келинка тоже человек 2», 00:10 «Үздік әзілдер», 02:10 «KazNet», 03:30 «Я люблю тебя, Ақерке!», 05:00 «Ән мен әзіл».

КТК
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», 07.10 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 08.10 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 09.10 «НОВОГОДНИЙ», 10.50 «КОГДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ ПРОШЛОЕ», 15.00 «МЕЖДУ НАМИ НЕБО», 17.00 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 18.00 «ҚАРА ТЕНІЗ», 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21.40 «НОВОГОДНИЙ ЭКСПРЕСС», 01.20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 02.10 «ТОЙ BESTSTAR», 03.10 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 04.00-05.00 «МЭССАҒАН».

31

06:00 Ризамын, 07:00 Информбюро, 08:00
--

06:00 «Жап-жаңа жыл 2014», 09:00 «Маша и медведь», 09:30 «12 месяцев», 10:40 «Келинка тоже человек 2», 12:40 «Жап-жаңа жыл 2019», 14:30 «Иван Васильевич меняет профессию», 16:30 «Джентльмены удачи», 18:30 Концерт Турсынбека Қабатова, 21:00 «ЖЫЛ ТАҢДАУЫ», 23:55 ҚР Президентінің Жаңа жылдық құттықтауы, 00:00 «ЖЫЛ ТАҢДАУЫ», 02:40 «Bas times», 03:40 «Жап-жаңа жыл».

КТК
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», 07.50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 08.50 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 09.50 «НОВОГОДНЯЯ ЖЕНА», 12.00 «ЕЛКИ ПОСЛЕДНИЕ», 14.00 «НОВОГОДНИЙ ЭКСПРЕСС», 18.00 «ӘН МЕН ӘНШІ», 21.00 «НОВОГОДНИЙ ГОЛУБОЙ ОГОНЕК НА ШАБОЛОВКЕ», 23.55 НОВОГОДНЕЕ ОБРАЩЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОҚАЕВА 00.00 «НОВОГОДНИЙ ГОЛУБОЙ ОГОНЕК НА ШАБОЛОВКЕ», 03.10 «ЖАҢА ӘЗІЛ-ЖАҢА ӘН», 05.20-06.20 «БІЗДІ КҮТЕР БІР БАҚЫТ».

31

06:00 Ризамын, 07:00 Информбюро, 08:00 Әзілдер жинағы, 08:40 «Өнер қырандары».
--

меняет профессию», 10:30 «Джентльмены удачи», 12:30 «ЖЫЛ ТАҢДАУЫ», 18:30 «Легенды ночных стражей», 20:40 «Жап-жаңа жыл», 00:10 «Классстар», 02:20 «Үздік әзілдер», 03:20 «KazNet», 04:20 «Әзілстан», 05:20 «Ән мен әзіл».

КТК
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КТК», 08.00 «ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА», 09.30 «ЕЛКИ ПОСЛЕДНИЕ», 11.20 «НОВОГОДНИЙ ГОЛУБОЙ ОГОНЕК НА ШАБОЛОВКЕ», 16.00 «ӘН МЕН ӘНШІ», 18.00 «ШАНШАР, 25 ЖЫЛЫ», 21.00 «НОВОГОДНИЙ ГОЛУБОЙ ОГОНЕК НА ШАБОЛОВКЕ», 03.00 «ШЫМКЕНТ-ШОУ», 04.10 «ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА», 05.30-06.20 «ОПЕРАЦИЯ «Ө», ИЛИ НОВОГОДНИЕ ПРИКЛЮЧЕНИЯ».

31

06:00 Ризамын, 07:00 Бауржан шоу, 08:00 Әзілдер жинағы, 09:00 Тамаша live, 10:15 «Шаншар жаңа бағдарлама», 13:15 «Алеша Попович и

06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Алдараспан», 09:05 «Трое из Простоквашино», 09:25 «Каникулы в Простоквашино», 09:45 «Зима в Простоквашино», 10:00 «Легенды ночных стражей», 12:10 «Классстар», 14:50 «Алдараспан», 17:20 «Жап-жаңа жыл», 21:00 «Қара ниет», 22:00 «Жаза», 00:10 «Үздік әзілдер», 01:20 «Отбасы», 03:30 «KazNet», 04:30 Сырты бүтін 05:30 «Ән мен әзіл».
--

КТК
07.05 «ШЫМКЕНТ-ШОУ», 09.30 «ТАЙЛАҚТЫҢ ТАҚИЯСЫ», 11.20 «НОВОГОДНИЙ ГОЛУБОЙ ОГОНЕК НА ШАБОЛОВКЕ», 15.00 «ШАНШАР, 25 ЖЫЛЫ», 18.00 «МАХАББАТ ҚАЛАСЫ», 21.00 «ЕЛКА НА МИЛЛИОН», 00.40 «Я.ТЫ.ОН.ОНА», 02.10 «ТАЙЛАҚТЫҢ ТАҚИЯСЫ», 03.50-05.50 «МАФИЯ МЕН ТАҚИЯ».

31

06:00 Ризамын, 07:00 Бауржан шоу 08:00
--

АСТАНА
06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Үздік әзілдер», 08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Снежная королева», 11:20 «Қарт бойдақ 2», 13:20 «Қара ниет», 14:25 «Сені сағындым», 16:30 «Кавказская пленница, или Новые приключения Шурика», 18:40 «Если сверковь-монстр», 21:00 «Қара ниет», 22:00 «Жаза», 00:10 «Үздік әзілдер», 01:20 «Отбасы», 03:30 «KazNet», 04:30 Сырты бүтін 05:30 «Ән мен әзіл».

КТК
07.05 «ТОЙ BESTSTAR», 08.00 «ТАҒДЫР ТӨЛКЕГІ», 10.00 «Я.ТЫ.ОН.ОНА», 11.50 «ЕЛКИ НОВЫЕ», 13.10 «ЕЛКА НА МИЛЛИОН», 16.40 «МАХАББАТ ҚАЛАСЫ», 18.40 «ОРИГИНАЛ», 21.00 «МОЕ СЕРДЦЕ С ТОБОЙ», 00.40 «КАНИКУЛЫ В ТАЙЛАНДЕ», 02.00 «ЭКЕМІЗДІҢ ЖАҢА ЖЫЛЫ», 03.00-04.10 «ТОЙ BESTSTAR».

06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «KazNet», 07:00 «Үздік әзілдер», 08:00 «Маша и медведь», 09:50 «Қара ниет», 11:00 «Кавказская пленница, или Новые приключения Шурика», 13:10 «Если сверковь-монстр», 15:30 «Қуандық Рахым», 18:00 «Джек-покоритель великанов», 20:45 «Үздік әзілдер», 21:00 «Қара ниет», 22:00 «Алдараспан», 01:00 «Ради будущего», 02:30 Той жыры 03:00 «KazNet», 04:00 Сырты бүтін 05:00 «Күлдірген».
--

КТК
07.05 «ТОЙ BESTSTAR», 08.10 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», 09.20 «ЭКЕМІЗДІҢ ЖАҢА ЖЫЛЫ», 10.30 «КАНИКУЛЫ В ТАЙЛАНДЕ», 12.00 «МОЕ СЕРДЦЕ С ТОБОЙ», 15.20 «ОРИГИНАЛ», 17.30 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», 21.00 «НАСТУПИТ РАССВЕТ», 00.40 «НОВОГОДНЯЯ ЖЕНА», 02.10 «ЗҰЛМАТ», 03.30-04.30 «ТОЙ BESTSTAR».

31

06:00 Ризамын, 07:00 Бауржан шоу 08:00
--

08:00 «Маша и медведь», 09:50 «Не ври мне», 11:00 «Брак по завещанию 3», 13:25 «Қара ниет», 14:35 «Джек-покоритель великанов», 17:20 Мадина Садуақасованың ең кеші, 19:20 «Алдараспан», 21:00 «Қара ниет», 22:00 «Жаза», 00:10 «Үздік әзілдер», 01:20 «Көкжалдар», 03:05 «KazNet», 04:05 «Әзілстан», 05:05 «Күлдірген».

КТК
07.05 «ТОЙ BESTSTAR», 08.20 «ЗҰЛМАТ», 09.50 «ЮРМАЛА», 11.00 «НАСТУПИТ РАССВЕТ», 14.20 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», 16.30 «СҰЛУ БОЙЖЕТКЕНІ», 18.00 «ШАНШАР, 25 ЖЫЛЫ», 21.00 «ПОЛЮБИ МЕНЯ ТАКОЙ», 00.45 «ДЖЕНТЛЬМЕНЫ, УДАЧИ», 02.20 «ЖАЛҒА АЛУШЫЛАР», 03.30-04.30 «ТОЙ BESTSTAR».

31

06:00 Ризамын, 07:00 Бауржан шоу 08:00 «Әзілдер жинағы», 09:00 «6 кадров», 10:30 «Әзілдер жинағы», 11:30 Тамаша live.

Әзілдер жинағы, 09:20 «Махаббат әлемі», 12:20 «Снежная королева: Зазеркалье», 14:20 «Три богатыря и Шамаханская царица», 16:20 «Три богатыря. На дальних берегах», 18:00 «Три богатыря и Морской царь 20:00 Информбюро, 21:15 «Робин Гуд. Начало», 23:50 Әзілдер жинағы, 01:10 «Мехектің өмірі», 01:50 «Адасқан ғұмыр», 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері, 04:00 Ризамын, 05:00 Әзіл студио.
--

ДИДАР
08.00 «Гороскоп», 08.05 «Таңғы шоу», 11.05 «Девичаты», 13.00 «Кейкетті», 13.30 «Махаббаты армандаймын», 15.30 «Страницы памяти моей страны», 16.00 «Хабарландыру», 16.30 «Время шелкового пути», 17.05 «Күншілу», 17.20 «Асыл арман», 18.00 «Мультфильм», 18.30 «Гороскоп», 18.35 «Хабарландыру», 19.05 «Казакстан байтақ өлке», 19.40 Деректі фильм, 20.10 «Мерей», 20.30 «Дидар», 21.00 «Сәлем», 22.00 «Панорама дня», 22.00 «Территория происшествий», 22.30 «Тәулік тынысы», 22.55 «Неизведанный Казахстан», 23.30 «Дидар».

11:30 «Алеша Попович и Тугарин Змей», 13:30 «Три богатыря и Шамаханская царица», 15:30 «Три богатыря. На дальних берегах», 17:20 «Три богатыря и Морской царь», 19:10 «Три богатыря и принцесса Египта», 21:00 «Последний богатырь», 00:00 Поздравление Президента, 00:05 «Өнер қырандары», 02:00 «Мехектің өмірі», 02:40 «Адасқан ғұмыр», 03:20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері, 04:00 Ризамын, 05:00 Әзіл студио.

ДИДАР
08.00 «Дидар», 08.30 «Гороскоп», 08.35 «Таңғы шоу», 11.35 «Неизведанный Казахстан», 12.05 «Ән шашу», 12.20 «Асыл арман», 13.00 «Дидар», 13.30 «Мерей», 13.50 «Күміс көмей, жез таңдай», 15.30 «Қазақстан байтақ өлке», 16.00 «Хабарландыру», 16.30 Документальный фильм 17.20 «Асыл арман», 18.00 «Дидар», 18.15 «Мультфильм», 18.30 «Гороскоп», 18.35 «Хабарландыру», 19.05 Документальный фильм 20.00 «Дидар Предновогодний», 20.30 «Дидар», 21.00 «Сәлем», 22.00 «Жаңа жыл Жаңа күн! Жаңа өмір!», 23.30 «Ән шашу», 23.55Новогоднее поздравление Президента Республики Казахстан Касымжомарта Токаева.

Тугарин Змей», 14:45 «Последний богатырь», 16:45 «Три богатыря и принцесса Египта», 18:00 «Три богатыря и Наследия престоло», 19:25 «Храбрая сердцем», 21:00 «СуперБобровы», 22:40 Әзілдер жинағы, 01:00 «Мехектің өмірі», 01:50 «Адасқан ғұмыр», 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері, 04:00 Ризамын, 05:00 Әзіл студио.
--

ДИДАР
08.00 «Дидар», 08.30 «Гороскоп», 08.35 «Жүрегім», 10.00 «Дидар», 10.15 «Айналайын», 12.20 «Асыл арман», 13.00 «Дидар», 13.30 «Жаңа жыл Жаңа күн! Жаңа өмір!», 15.00 «Дидар», Предновогодний», 15.30 Деректі фильм, 16.00 «Хабарландыру», 16.30 «Приключение Пингвинка Лоло», 18.00 «Дидар», 18.15 «Мультфильм», 18.30 «Гороскоп», 18.35 «Хабарландыру», 19.00 «Қазақстан байтақ өлке», 19.30 «Жезкім», 20.00 «Сәлем», 21.00 Фильм «Елкі-2», 23.00 Документальный фильм.

Әзілдер жинағы, 09:30 Тамаша live 10:40 «Қызық театр», 13:30 «Добрыня Никитич и Змей Горыныч», 14:40 «Три богатыря и Наследия престоло», 16:10 «Храбрая сердцем», 17:45 «Головоломка», 19:20 «СуперБобровы», 21:00 «СуперБобровы. Народные мстители», 22:30 Әзілдер жинағы, 01:10 «Мехектің өмірі», 01:50 «Адасқан ғұмыр», 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері, 04:00 Ризамын, 05:00 Әзіл студио.

ДИДАР
08.00 «Гороскоп», 08.05 «Құстармен сырласу», 10.00 «Дидар», 10.15 «Приключение Пингвинка Лоло», 11.45 Фильм «Елкі», 13.30 «Жезкім», 14.00 «Әндер мен жылдар», 15.30 «Қазақстан байтақ өлке», 16.00 «Хабарландыру», 17.00 «Спирит. Душа Прерий», 18.30 «Гороскоп», 18.35 «Хабарландыру», 19.30 «Мерей», 20.00 «Сәлем», 21.00 Фильм «Елкі-2», 23.00 Документальный фильм.



2020

SARYARQA



АЙМАҚТЫҢ АҚПАРАТ ЖАРШЫСЫ

Қаңтар

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

Мамыр

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

Қыркүйек

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30				

Ақпан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	

Маусым

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					

Қазан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

Наурыз

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

Шілде

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

Қараша

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

Тамыз

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

Желтоқсан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			

Сәуір

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жб
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30			

2020 жылға арналған жұлдызнама

Тышқан жылы – жыл санағы бойынша жаңа айналымның басы. Осыған сәйкес, 2020 жыл да жаңа бастамалар үшін сәтті болғалы тұр. Өміріңізді жаңа арнаға бұрғыңыз келсе, дамудың жаңа сатысына шығуды қаласаңыз, жаңа кәсіп бастағыңыз келсе – осы жылдың мүмкіндігін жіберіп алмаңыз. Дәл 2020 жылы жүзеге асқан бар шаруа алдағы 11 жылға іргетас болмақ.

Карьера және кәсіп

Болжамшылар сөзіне сенсек, бұл жыл жақсы болғалы тұр. Әсіресе, қызмет, мансап, кәсіп жағынан толағай табысқа, білім алу, тұлғалық даму жағынан мүмкіндіктерге толы. Тышқан жылы барша жаннан белсенді, еңбекқор болуды талап етеді. Бұл жылы өзіңізді баптамай, баққа сеніп отыра беруге болмайды. Жылдың бар тәттісі, жемісі де, жеңісі де тек оған лайық болғандарға, тынбай тірлік еткендерге ғана бұйырады. Бұл жылы мансап баспақтарымен жоғары көтерілісі келгендерге талмай жұмыс жасауға тура келеді. Қызмет бабындағы негізгі міндеттермен қатар, өзіңізбен, мінез-құлқыңызбен жұмыс жасаңыз. Рухани өсуге талпыныңыз. Қорқынышты жеңіп, тәуекелге бел байлауды, жаңа білім алып, бұрын жасамаған нәрселерді үйренуді қолға алыңыз. Бірақ, алға жылжуым керек деп біреудің жолын кесіп кетуден барынша сақ болыңыз.

Қаржы жағы қалай болмақ?

Астрологтар осы жылы тез баюдың жолын іздемеуге, дүниеқоңыздыққа салынбауға кеңес береді. Сондай-ақ, қара басының қамын күйттемеу мен біреудің жолын кеспелуді де ерекше атап өтуде. Өйткені, мұндай әрекеттердің жазасы 2020 жылы әдеттегіден әлдеқайда ауыр болмақ екен.

Сонымен қатар ақшасын желге шашпай, үнемдеп жұмсай білгендердің несібесі арта түседі. Астрологтар қарыз алмауға, жақсы танымал жандарға қарыз бермеуге шақырады.

Жеке өмір жайлы не дейді?

Бұл жылы көпшілік адамдар мансап

пен кәсіпке, қаржылық жағдайға баса мән беріп кеткендіктен, жеке өмір елеусіз қалып кетуі мүмкін. Салдарынан түсініспеушілік, реніш көп туындайды. Оны болдырмау үшін алдын алу керек. Жақындарыңызға бұрынғыдан да көбірек көңіл мен уақыт бөліңіз. Айналаңыздағы адамның бәріне сый-құрметпен қарап, сынап-мінеуден тік мінез танытудан талап қоюдан аулақ болған абзал.

Жыл мезгілдері жайлы ма?

Болжамшылар жыл басында біршама қиындықтар болатынын айтуда. Кейбір белгі иелері үшін жылдың бастапқы үш айы нағыз сынақ мерзімі болуы ма ықтимал. Тек төзімді бола білу керек. Сынан сынбай өткендердің өмірі сәуір-мамыр айларында жақсы жаққа қарай өзгереді. Жаз мезгілі – жылдың ең жайлы, жақбарақат бөлігі болғалы тұр. Жыл басынан бергі төккен тер, атқарылған шаруа, жасалған еңбектің жемісін жаз айларында жейсіз. Жеткен жетістіктің деңгейін айқындап беретін де – осы жаз. Жылдың қалған айларын құрдан-құр өткізгіңіз келмесе, тамыздың соңын ала етек-жеңіңізді жинап, жаңа жоспар құрыңыз да, іске кірісіңіз.

Ойға алған тірлікті тындырып тастауға, көздеген мақсаттың межесіне жетуге ең оңтайлы шақ – қыркүйек. Біраздан шешімін таппай тұрған, қордаланып қалған мәселелер болса, оларды қарашаның соңына дейін шешіп тастауға барыңызды салыңыз.

2020 жылы кімдердің жолы болады?

Тышқан жылы туғандардың өз белгісі болғандықтан, жайлы

да жылы өтеді. Кәсібі ерге домалап, несібесі артып, мансап баспақтарында биіктерге шығады. Отбасылық жағдайы да жаман емес, жақындарының қолдауы мен махаббатына ие. Тек жұлдызшылар ұсақ-түйек үшін күйіп-піспеуге, спортпен айналысуға, өмірге позитивті көзқараспен қарауға шақырады. Осылай өткен жағдайда денсаулыққа төніп тұрған қауіптің алдын аласыз.

Сыыр жылы туғандар үшін Тышқан жылы оңайға түспейді. Әйткенмен, басы қатты болса, аяғы тәтті болатынын ұмытпау керек. Жалпы, Сыырлар өзін дамытуды, рухани баюды қолға алса, жыл жемісті болғалы тұр.

Барыс жылы дүние есігін ашқандарға да Тышқан жылы қайырымды. Жеке өмір мен қызмет орнында аздаған келіспеушіліктер болуы мүмкін. Қуанышты сәттер де жоқ емес, бар назарды соған салыңыз.

Ал кедергілер мен келеңсіздіктерге өмірдің өткінісі сынағы деп қараған абзал. **Қоян жылы** туғандарды бұл жылда үлкен өзгерістер күтіп тұр. Ол жаңа достар, жаңа әуестік, жаңа қызмет не жаңа үй болуы мүмкін. Шекара асуыңыз да ғажап емес. Ойда жүрген жоспарларды жүзеге асыруға оңтайлы жыл. Тек ескі достарды естен шығармай, өзгелердің кеңесіне құлақ түре білсеңіз болғаны.

Ұлу жылы туғандар үшін бұл жылы сәттілік пен сәтсіздік кезектесе келгелі тұр. Қандай жағдай болса да салыңызды суға кетірмеңіз. Бәрі де өткінісі. Бәрі оңалады. Оған қоса, жаныңыздан қолдау білдіретін жандар қашан да табылады. 2020 жылдан төбенізді көкке жеткізетін жаңалық күтіңіз.

Жылан жылы туғандарға келер жыл қомақты қаржы ағынын ұсынады. Алайда, онды-солды шашылудан аулақ болыңыз. Тышқан үнемшілдікті ұнатады.



Мол табыспен қоса, пайдалы, ықпалды тұлғалармен жаңа таныстықтар да көп болмақ.

Жылқы жылы туғандарды 2020 жылы жеке өмірде де, мансап жолында да жағымды жаңалықтар күтіп тұр. Көптен бергі бір арман – саяхатқа шығудың реті келеді.

Қой жылы дүниеге келгендердің қызмет пен кәсіпте тасы ерге домалайды. Алайда, жеке өмірде аздап қиыншылықтар болмай тұрмайды. Бастысы, қандай мәселе болса да өз ішіңізде сақтамай, жанашырлармен бөлісіңіз, көмек сураныңыз. Сонда жеңіл-желпі өтеді де кетеді.

Мешін жылы туғандардың жеке өміріне Тышқан жылы біршама есте қаларлықтай жағымды сәттер, жеңіс сыйлағалы тұр. Жаңа таныстықтардың барлығы дерлік жақын достыққа ұласады.

Сондай-ақ, қаржылық жағынан да сәттілік күтуде. Тіімді ұсыныстар мен мүмкіндіктерді қалт жібермеңіз.

Тауық жылы туғандар да жолы болғыштар мен жеңімпаздар қатарынан табылады. Сәттілік қашанда Тауықтармен бірге. Ұсынылған сыйдан бас тартпаңыз және ойдағы жоспарларды жүзеге асыруға асығыңыз.

Ит жылы туғандарды да өмірдің барлық саласында жағымды жайлар күтіп тұр. Тек өмірді өзгертем деп тыраштанбай, қолда барға қанағат етсе болғаны. Әсіресе, жеке өмірде.

Доңыз жылы туғандардың бұл жылы сәттілікке, баққа үміт артуы бекер. Оларға бәрі тек төккен термен келеді. Жетістікке жету үшін жан аямай еңбектену шарт. Дұрыс бағытта батыл да табанды қадамдар жасаса, еңбегі де, үміті де толығымен ақталады.